

Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 30 наурыздағы № 107 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 31 наурызда № 20209 болып тіркелді.

"Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 41) тармақшасына, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 26.01.2026 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес қоса беріліп отырған Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды субсидиялау қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру және қайта өңдеу департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 10.08.2021 № 236 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

*Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі*

С. Омаров

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Индустрия және инфрақұрылымдық

даму министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Сауда және интеграция министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Цифрлық даму, инновациялар

және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2020 жылғы 30 наурыздағы
№ 107 бұйрығымен
бекітілген

Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды субсидиялау қағидалары

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.04.2023 № 152 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-бөлім. Жалпы ережелер

1. Осы Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды субсидиялау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 41) тармақшасына, "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 3-тармағының 2) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 1-тармағына сәйкес әзірленді және өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға арналған бюджеттік субсидияларды (бұдан әрі – субсидиялар) тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджетте көзделген қаражат есебінен және шегінде беру тәртібін және мемлекеттік қызметтерді көрсету тәртібін айқындайды.

Осы Қағидаларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген кезде агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуді көздейтін бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторын және Бірыңғай байланыс орталығын хабардар етеді.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 27.01.2026 № 36 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі және 01.01.2025 бастап туындаған қатынастарға қолданылады) бұйрығымен.

1-1. Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды субсидиялаудың негізгі мақсаты басым дақылдарды, оның ішінде көпжылдық екпелерді өндіру шығындарын ішінара өтеу, сондай-ақ ауыл шаруашылығы дақылдарының өндірілген немесе сатып алынған тұқымдарының, тыңайтқыштардың (органикалық дақылдарды қоспағанда), пестицидтердің, биоагенттердің (энтотофагтардың) шығындарын ішінара өтеу болып табылады.

Ескерту. Қағидалар 1-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 04.06.2025 № 190 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) алып тасталды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 10.11.2023 № 384 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2) бірінші ұрпақ будандарының тұқымдары – бірінші ұрпақта гетерозис нәтижесінде ең үздік ата-енелік нысаннан шығымдылығы немесе өзге де көрсеткіштері бойынша асып түсетін будандық өсімдіктер беретін, генетикалық айырмашылығы бар ата-енелік нысандарды будандастырудан алынған жүгері, қант қызылшасы, рапс, күнбағыс, мақта, құмай, қызанақ және қияр тұқымдары;

3) жеке шот – субсидиялауға арналған өтінімдерді (өтпелі өтінімдерді) тіркеу және олар бойынша операцияларды есепке алу мақсатында тіркелген тұлғаны сәйкестендіруге мүмкіндік беретін тізілімдегі жазбалар жиынтығы;

4) отандық тыңайтқыштарды өндіруші (бұдан әрі – тыңайтқыштарды өндіруші) – Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын, Қазақстан Республикасында тыңайтқыштар (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) өндіруді жүзеге асыратын және оларды тіркеген жеке немесе заңды тұлға;

5) өнеркәсіптік жылыжай кешені – механикаландыру құралдарын пайдалана отырып, жыл бойы жұмыс істейтін, жарық өткізгіш бүйір қоршаулары және төбе жабыны бар үй-жай түрінде орындалған және жылыту (орталық немесе газбен немесе автономды), климаттық бақылау (оның ішінде ауаны жете ылғалдандырудың автоматтандырылған жүйесін), жете жарық беру (бар болса), перделеу, тамшылатып суару жүйелерін қамтитын, кемінде 5 000 шаршы метр жалпы мүкәммалдық ауданы бар қорғалған топырақтағы құрылысжайлар кешені;

б) өтінімдер – мынадай субсидиялар алуға арналған электрондық өтінімдер:

ауыл шаруашылығы тауарын өндірушінің (бұдан әрі – ауылшартауарынөндіруші) немесе ауыл шаруашылығы кооперативінің (бұдан әрі – ауылшаркооперативі) басым дақылдар өндіру шығындарын ішінара өтеуге;

бірегей тұқым өндірушінің (бұдан әрі – оригинатор) жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің көп жылдық екпелерінің аналықтарынан алынған отырғызу материалын (телітушілер, жертаған жапырақтар, балақ шыбықтар және қалемшелер) өндіруге жұмсалған шығындарды ішінара өтеуге;

элиталық тұқым өсіру шаруашылығының (бұдан әрі – элиттұқымшар) нақты сатып алынған бірегей тұқымдар үшін;

тұқым өсіру шаруашылығының (бұдан әрі – тұқымшар), ауылшартауарынөндірушінің (ауылшаркооперативінің) нақты сатып алынған элиталық тұқымдар үшін;

ауылшартауарынөндірушінің (ауылшаркооперативінің) нақты сатып алынған бірінші репродукция тұқымдары, мақтаның екінші репродукция тұқымдары, бірінші ұрпақ будандарының тұқымдары және (немесе) жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің нақты сатып алынған және пайдаланылған элиталық көшеттері (бұдан әрі – элиталық көшеттер) үшін;

ауылшартауарынөндірушінің немесе ауылшаркооперативінің толық құнымен сатып алынған тыңайтқыштар үшін;

ауылшартауарынөндірушінің немесе ауылшаркооперативінің толық құнымен сатып алынған пестицидтер, биоагенттер (энтомофагтар) үшін;

7) өтпелі өтінімдер – мынадай субсидиялар алуға арналған электрондық өтінімдер:

элиттұқымшардың, тұқымшардың немесе тұқым өткізушінің (бұдан әрі – өткізуші) ауылшартауарынөндірушінің немесе ауылшаркооперативінің арзандатылған құнымен сатып алған субсидияланатын тұқымдары үшін;

тыңайтқыштар өндірушінің ауылшартауарынөндірушінің (ауылшаркооперативі) арзандатылған құнымен сатып алатын тыңайтқыштары үшін;

пестицидтерді, биоагенттерді (энтомофагтарды) өндірушінің ауылшартауарынөндірушінің (ауылшаркооперативі) арзандатылған құнымен сатып алатын пестицидтері, биоагенттері (энтомофагтары) үшін субсидия алуына арналған электрондық өтінімдер;

8) пестицидтерді, биоагенттерді (энтомофагтарды) жеткізуші – пестицидтерді, биоагенттерді (энтомофагтарды) және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелген инсектицидтерді, фунгицидтерді, гербицидтер мен биопрепараттарды өндіруді (формуляциялауды) және (немесе) өткізуді жүзеге асыратын дара кәсіпкер немесе заңды тұлға;

9) пестицидтерді, биоагенттерді (энтомофагтарды) отандық өндіруші (бұдан әрі – пестицидтер, биоагенттер (энтомофагтар) өндіруші) – Қазақстан Республикасының

аумағында пестицидтер, биоагенттер (энтомофагтар) өндіруді жүзеге асыратын және биоагенттерді және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелген пестицидтерді өткізуді жүзеге асыратын арнайы жарақтандырылған өндірістік үй-жайлары, биозертханалары, биофабрикалары бар дара кәсіпкер немесе заңды тұлға;

10) пестицидтердің, биоагенттердің (энтофагтардың) ең төменгі құны – облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органы (бұдан әрі – ЖАО) баға ұсыныстарын (прайс-парақтарын), сондай-ақ субсидиялар нормаларын белгілеу үшін мемлекеттік органдардан алынған ақпаратты талдау жолымен айқындайтын, Қазақстан Республикасы аумағында тиісті жылға қалыптасқан пестицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) ең төменгі бағасы;

11) пестицидтерді қолдану регламенті – пестицидтерді қолдану шарттары мен тәртібіне қойылатын талаптар;

12) субсидияланатын тұқымдар – бірегей тұқымдар, элиталық тұқымдар, бірінші репродукция тұқымдары, мақтаның екінші репродукция тұқымдары, бірінші ұрпақ будандарының тұқымдары немесе элиталық көшеттер;

13) субсидиялауға арналған өтінімдердің электрондық тізілімі (бұдан әрі – тізілім) – агроөнеркәсіптік кешенді субсидиялауға арналған өтінімдер туралы, сондай-ақ қарыз алушылар, қаржы институттары туралы мәліметтердің жиынтығы және субсидиялаудың мемлекеттік ақпараттық жүйесінде көрсетілген өзге де мәліметтер;

14) субсидиялаудың мемлекеттік ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – СМАЖ) – субсидиялау процестерін орындау бойынша қызметтер көрсетуге арналған, "электрондық үкіметтің" веб-порталымен және аграрлық ахуалдық орталықпен өзара іс-қимыл жасасуға, субсидия алуға арналған өтінімді (өтпелі өтінімді) тіркеуге, сондай-ақ өтінімнің (өтпелі өтінімнің) субсидиялау шарттарына сәйкестігін автоматты түрде тексеру арқылы оны өңдеуге мүмкіндік беретін, ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың, қызмет көрсетуші персоналдың және техникалық құжаттаманың ұйымдастырылып реттелген жиынтығы;

15) субсидиялаудың мемлекеттік ақпараттық жүйесінің веб-порталы (бұдан әрі – веб-портал) – Интернет желісінде орналасқан, СМАЖ-ға қолжетімділік беретін интернет-ресурс;

16) танаптың кадастрлық нөмірі – Жерді қашықтықтан зондтау деректерін пайдалана отырып берілетін, танаптың орналасқан жерін анықтауға (сәйкестендіруге) арналған танаптың бірегей коды;

16-1) тіркеуші (өтінім беруші) – пестицидтерді тіркеу (ұсақ-түйек және өндірістік) сынақтарын жүргізуге, сондай-ақ тіркеу куәлігін алу үшін пестицидтерді мемлекеттік тіркеуге өтінім берген жеке немесе заңды тұлға.

17) тыңайтқыштарды жеткізуші – тыңайтқыштарды (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) өткізуді жүзеге асыратын және оларды тіркеген жеке немесе заңды тұлға;

18) тыңайтқыштарды сатушы – тыңайтқыштарды өндіруші, тыңайтқыштарды жеткізуші немесе шетелдік тыңайтқыштарды өндіруші;

19) тыңайтқыштардың ең төменгі нарықтық құны – Қазақстан Республикасының аумағында қалыптасқан тыңайтқыштардың тиісті жылға арналған, тыңайтқыштарға субсидия нормаларын белгілеу үшін олардың баға ұсыныстарына (прайс-парақтарды) талдау жүргізу жолымен ЖАО айқындайтын тыңайтқыштардың ең аз нарықтық құны;

19-1) фермерлік жылыжайлар – ҚР СТ 3834 "Фермерлік жылыжайлар. Жалпы техникалық талаптар" ұлттық стандартының талаптарына сәйкес келетін ауыл шаруашылығы дақылдарын маусымаралық өсіруге арналған жылытылатын құрылысжайлар;

20) шетелдік тыңайтқыштарды өндіруші – тіркелген тыңайтқыштар өндірушісі (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) болып табылатын Қазақстан Республикасының бейрезиденті;

21) "электрондық үкіметтің" веб-порталы – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, бүкіл шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесі болатын ақпараттық жүйе;

22) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық символдар жиынтығы.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 28.09.2023 № 342 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 10.11.2023 № 384 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 26.01.2026 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

3. Субсидиялар оригинаторларға, элиттұқымшыларға, тұқымшарларға, өткізушілерге, ауылшартауарөндірушілерге немесе ауылшаркооперативтеріне Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті Төрағасы міндетін атқарушының 2019 жылғы 22 ақпандағы № 68-од бұйрығымен бекітілген "Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы сыныптауышы" ҚР ҰК Қазақстан Республикасының ұлттық сыныптауышына сәйкес 01 "Өсімдік шаруашылығы" бөліміне жататын сыныптар (кіші сыныптар) бойынша экономикалық қызмет түрлерінің жалпы сыныптауышының тиісті кодтарына сәйкес келетін өсімдік шаруашылығы өнімін өндіру бойынша қызмет түрлерін жүзеге асыру кезінде беріледі.

Субсидиялар Қағидаларда айқындалған тәртіпке сәйкес жыл сайын мынадай бағыттар бойынша беріледі:

- 1) басым дақылдар, оның ішінде көпжылдық көшеттер өндіруді дамыту;
- 2) тұқым шаруашылығын дамыту;
- 3) тыңайтқыштардың құнын (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) арзандату;
- 4) саны зиян тигізудің экономикалық шегінен жоғары зиянды және аса қауіпті зиянды организмдерге және карантиндік объектілерге қарсы өңдеулер жүргізуге арналған пестицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) құнын арзандату.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 26.01.2026 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Қаржыландыру Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында белгіленген тәртіппен облыстық бюджетте, республикалық маңызы бар қаланың, астананың тиісті жылға арналған бюджетінде көзделген қаражат шегінде, осы Қағидалардың 3-тармағында көрсетілген бағыттарға сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 07.03.2024 № 90 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. ЖАО мыналарды қалыптастырады:

- 1) осы Қағидалардың 3-тармағында көрсетілген бағыттар бойынша субсидиялар көлемдері;
- 2) басым дақылдардың тізбесі және субсидиялар нормалары;
- 3) тыңайтқыштардың (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) субсидияланатын түрлерінің тізбесі және тыңайтқыштарды сатушыдан сатып алынған тыңайтқыштардың 1 тоннасына (литріне, килограммына) арналған субсидиялар нормалары (бұдан әрі – тыңайтқыштарға арналған субсидиялар тізбесі мен нормалары);
- 4) субсидияланатын пестицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) тізбесі және пестицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) 1 литріне (килограммына, грамына, данасына) арналған субсидиялар нормалары (бұдан әрі – пестицидтерге, биоагенттерге (энтомофагтарға) арналған субсидиялар тізбесі мен нормалары).

Бұл ретте ЖАО басым дақылдардың тізбесін және субсидиялар нормаларын Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігімен (бұдан әрі – Министрлік) келіседі.

6. Облыстардың әкімдері субсидиялаудың бекітілген көлемі шегінде бөлінген қаражатты осы Қағидалардың 3-тармағында көрсетілген бағыттар бойынша қайта бөледі.

7. Ауыл шаруашылығы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын ЖАО-ның құрылымдық бөлімшесі (бұдан әрі – Басқарма) субсидиялаудың тиісті бағыттары бойынша ай сайынғы жеке қаржыландыру жоспарлары (бұдан әрі – Қаржыландыру

жоспары) бекітілгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде оларды ЖАО-ның ресми интернет-ресурсында және СМАЖ-да орналастырады.

8. Субсидиялар көлемі тиісті айға арналған Қаржыландыру жоспарында көзделген бюджет қаражатының көлемінен асатын өтінімдер (өтпелі өтінімдер) бойынша субсидияларды төлеу өтінім берілген сәттен кейінгі келесі айдан бастап кезектілік тәртібімен жүзеге асырылады.

Мәлімделген субсидиялар көлемдері тиісті бюджеттік бағдарлама бойынша жергілікті бюджетте көзделген сомалардан асып кеткен жағдайда, жергілікті бюджеттен қосымша қаражат Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасында белгіленген тәртіппен тиісті жергілікті бюджетті бекіту туралы мәслихат шешіміне өзгерістер енгізу жолымен бөлінеді. Осы Қағидалардың 3-тармағында көрсетілген бағыттар бойынша субсидиялар көлімі СМАЖ-ға орналастырылады.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 20.06.2024 № 208 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Жергілікті бюджетте тиісті қаржы жылына көзделген бюджет қаражаты толық игерілген жағдайда, осы Қағидалардың 3-тармағында көрсетілген субсидиялаудың әрбір бағыты бойынша Басқарма қабылдаған өтінімдер (өтпелі өтінімдер) резервке (күту парағына) келіп түседі.

Ағымдағы қаржы жылында қосымша бюджет қаражаты бөлінген кезде субсидияларды төлеу резервке (күту парағына) келіп түскен өтінімдер (өтпелі өтінімдер) бойынша жүзеге асырылады. Ағымдағы қаржы жылында қосымша қаражат болмаған жағдайда, резервке (күту парағына) келіп түскен өтінімдер (өтпелі өтінімдер) бойынша субсидиялар келесі қаржы жылында төленеді.

Өтінімнің резервте (күту парағында) болу кезеңі мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне қосылмайды.

Өтінімдерді (өтпелі өтінімдерді) қарау және субсидиялар төлеу, оның ішінде резервке (күту парағына) келіп түскен өтінімдер (өтпелі өтінімдер) бойынша төлеу өтінімдерді (өтпелі өтінімдерді) тіркеу күні мен уақытына сәйкес кезектілік тәртібімен жүзеге асырылады. Келесі өтінім (өтпелі өтінім) алдыңғы өтінім (өтпелі өтінім) қаралғаннан кейін қаралады.

Аванстық субсидиялау тетігі шеңберінде өтпелі өтінімдерінің жеке кезектілігі қарастырылады. Өтпелі өтінімдерін қарау өтпелі өтінімдерін тіркеу күні мен уақытына сәйкес кезектілік тәртібімен жүзеге асырылады. Кейінгі өтпелі өтінімі алдыңғы өтпелі өтінімі қаралғаннан кейін қаралады.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 20.06.2024 № 208 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. ЖАО субсидиялауды мониторингтеу үшін тиісті жылдың 30 желтоқсанына дейінгі мерзімде Министрлікке осы Қағидалардың 1-2-қосымшасына сәйкес нысандар бойынша осы Қағидалардың 3-тармағында көрсетілген бағыттар бойынша қалыптастырылған және СМАЖ-дан жүктеп алынған субсидияны пайдалану туралы жиынтық ақпарат ұсынады.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 26.01.2026 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10-1. Өсімдік шаруашылығында субсидия алатын ауылшартауарөндірушілер (ауылшаркооперативтері) агроөнеркәсіптік кешеннің жалпы өнімінің (тауарлардың немесе көрсетілетін қызметтердің) көлемін ақшалай мәнде (мың теңге) өсуін/өткен жылғы деңгейде сақталуын қамтамасыз ету бойынша қарсы міндеттемелерді сақтауы қажет.

Қарсы міндеттемелерді агроөнеркәсіптік кешеннің субъектілері ағымдағы қаржы жылында ұқсас қарсы міндеттемелерді белгілеу көзделген субсидиялардың барлық түрлері бойынша жиынтығында 100 000 000 (жүз миллион) теңге және одан жоғары мөлшерде субсидиялар алған жағдайда қабылдайды.

2029 жылғы 1 қаңтардан бастап қарсы міндеттемелер субсидиялар алатын агроөнеркәсіптік кешеннің барлық субъектілеріне қолданылады.

Агроөнеркәсіптік кешеннің жалпы өнімінің (тауарлардың немесе көрсетілетін қызметтердің) көлемі мынадай формула бойынша анықталады:

агроөнеркәсіптік кешеннің өткен жылғы жалпы өнімінің (тауарлардың немесе көрсетілетін қызметтердің) көлемі, мың теңге = агроөнеркәсіптік кешен өткен жылғы заттай мәндегі өндірілген өнімінің (тауарлардың немесе көрсетілетін қызметтердің) көлемі, тонна/бас/дана x агроөнеркәсіптік кешеннің өнімінің (тауардың немесе көрсетілетін қызметтің) бағасы, мың теңге.

Еңсерілмейтін күштің (табиғи-климаттық жағдайлардың, фитосанитариялық және эпизоотиялық ахуалдың нашарлауы) салдарынан міндеттемелер орындалмаған жағдайда, ауылшартауарөндіруші (ауылшаркооперативі) СМАЖ-ға осы фактіні растайтын құжатты (Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің "Қазгидромет" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны берген ауа райы жағдайлары туралы анықтаманы және (немесе) ЖАО-ның карантинді немесе шектеу іс-шараларын белгілеу туралы шешімін және (немесе) жануарлардың ауруын анықтау туралы сараптама актісін (сынақ хаттамасы) және (немесе) егістіктердің зиянкестермен, өсімдіктердің ауруларымен және арамшөптермен зақымдануы туралы актіні) орналастырады.

Қарсы міндеттеме теріс ауытқу жағдайында (осы Қағидаларға 1-қосымшаның 1-нысанының 8-бағаны) орындалмады деп есептеледі, ол өтінім берілген жылдың алдындағы алдыңғы 2 (екі) жылдағы агроөнеркәсіптік кешеннің жалпы өнімі (

тауарлары немесе көрсетілетін қызметтері) көлемдерінің арасындағы айырма арқылы есептеледі. Қарсы міндеттемелерді алғашқы қабылдау кезінде ауытқу нөлге тең болады.

Алдыңғы 2 (екі) жыл қатарынан бірінші рет міндеттемелер орындалмаған және еңсерілмейтін күштің мән-жайларының басталғанын растайтын құжаттар болмаған жағдайда, ағымдағы күнтізбелік жылы 1 (бір) жылға субсидиялар алуға өтінім (өтпелі өтінім) беру мүмкіндігі тоқтатылады. Алдыңғы 2 (екі) жыл қатарынан екінші және кейінгі рет міндеттемелер орындалмаған және еңсерілмейтін күш мән-жайларының басталғанын растайтын құжаттар болмаған жағдайда, ағымдағы күнтізбелік жылда 2 (екі) жылға субсидиялар алуға өтінім (өтпелі өтінім) беру мүмкіндігі тоқтатылады.

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының ресми ұсынылған ақпаратына сәйкес агроөнеркәсіптік кешен өнімін (тауарларға немесе көрсетілетін қызметтердің) орташа республикалық бағалар туралы деректерді осы Қағидаларды әзірлеуші 2025 жылғы 20 қаңтарға дейінгі мерзімде СМАЖ-ға орналастырады. Агроөнеркәсіптік кешеннің жаңа өнімі (тауары немесе көрсетілетін қызметі) пайда болған жағдайда оған орташа республикалық бағалар СМАЖ-ға тиісті жылдың 20 қаңтарына дейінгі мерзімде енгізіледі. Агроөнеркәсіптік кешеннің жалпы өнімінің (тауарларының немесе қызметтерінің) көлемін есептеу кезінде 2024 жылғы тіркелген баға пайдаланылады. Ресми статистикалық ақпаратта баға туралы деректер болмаған жағдайда, баламалы көздерден алынған деректер немесе өнімнің осы түрін өндіретін облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың 5 (бес) агроөнеркәсіптік кешен субъектісінің орташа бағасы пайдаланылатын болады.

Агроөнеркәсіптік кешеннің өндірілген жалпы өнімінің (тауарларының немесе көрсетілетін қызметтерінің) көлемі туралы ақпаратты ауылшартауарөндіруші (ауылшаркооперативі) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес 1-нысан бойынша (бұдан әрі – 1-нысан) 20 қаңтардан бастап ағымдағы жылдың соңына дейінгі мерзімде Жеке кабинетінде толтырады және электрондық цифрлық қолтаңбамен расталады. Қарсы міндеттемелер туралы мәліметтер осы Қағидаларға 1-қосымшаға 2-нысан бойынша СМАЖ-да қалыптастыратын және пайдаланушылар үшін жалпыға қолжетімді болып табылатын қарсы міндеттемелер тізілімінде көрсетіледі.

Бұл ретте ағымдағы жылы мемлекеттік тіркеуден өткен ауылшартауарөндірушілер (ауылшаркооперативтері) өткен жылғы жалпы өнімнің көлемін "0" мәнінде көрсетеді.

Тауар өндірушінің міндеттемелерді орындау деңгейі СМАЖ-да белгіленеді.

Ескерту. Қағидалар 10-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 20.06.2024 № 208 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 27.01.2026 № 36 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі және 01.01.2025 бастап туындаған қатынастарға қолданылады) бұйрығымен.

11. "Басым дақылдардың, оның ішінде көпжылдық екпелердің өндірісін субсидиялау" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі (бұдан әрі – № 1 тізбе) осы Қағидаларға 1-1-қосымшада жазылған.

"Тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялау" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі (бұдан әрі – №2 тізбе) осы Қағидаларға 2-қосымшада жазылған.

"Тыңайтқыштар (органикалықтарды қоспағанда) құнын субсидиялау" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі (бұдан әрі – № 3 тізбе) осы Қағидаларға 3-қосымшада жазылған.

"Саны зиян тигізудің экономикалық шегінен жоғары зиянды және аса қауіпті зиянды организмдерге және карантиндік объектілерге қарсы өңдеулер жүргізуге арналған пестицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) құнын субсидиялау" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі (бұдан әрі – № 4 тізбе) осы Қағидаларға 4-қосымшада жазылған.

ЖАО Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес субсидия алу сатысы туралы деректердің мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізілуін қамтамасыз етеді.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 26.01.2026 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Субсидиялар беруден бас тарту № 1, № 2, № 3 және № 4-тізбелердің 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша жүзеге асырылады.

13. Субсидия беру үшін қажетті мәліметтерді қамтыған СМАЖ-да іркіліс болған жағдайда, ЖАО СМАЖ-ға қолжетімділікті бере отырып, туындаған жағдай туралы Министрлікті дереу хабардар етеді, ол оны жоюға кіріседі.

Бұл ретте, туындаған іркілісті жою бойынша жұмыстар жүргізілгеннен кейін Министрлік 3 (үш) жұмыс күні ішінде техникалық проблемалар туралы хаттама жасайды және оны СМАЖ-ға орналастырады.

"Электрондық үкіметтің" веб-порталы мен веб-порталдың ақпараттық өзара іс-қимылы "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 43-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

14. Тыңдау рәсімі Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ӘРПК) 73-бабына сәйкес жүргізіледі.

15. Субсидиялар алу үшін пайдаланылған электрондық шот-фактураларды кері қайтарып алуға, жоюға және түзетуге жол берілмейді.

Электрондық шот-фактура электрондық шот-фактураларды қабылдау және өңдеу жөніндегі ақпараттық жүйеден (бұдан әрі – ЭШФ АЖ) СМАЖ-ға өтінім (өтпелі өтінім) бергенге дейін ЭШФ АЖ-да контрагентті растай отырып, "сұраным-жауап" режимінде сұратылады (сұратылған электрондық шот-фактура мемлекеттік қолдау шараларын алу

үшін электрондық шот-фактураны пайдалануды растау кезінде ЭШФ АЖ-да автоматты түрде бұғатталады).

Бұл ретте, аванстық субсидиялау тетігі шеңберінде сатып алынған тыңайтқыштардың шығындарын тыңайтқыш өндіруші ЭШФ АШ-дан алынған "XML (eXtensible Markup Language)" форматындағы электрондық шот-фактураны жүктеу арқылы растайды.

Ауылшартауарөндіруші (ауылшаркооперативі) субсидияларды алмаған жағдайда (мемлекеттік қолдау шараларын алу үшін электрондық шот-фактураны пайдаланбаған кезде), ауылшартауарөндірушінің (ауылшаркооперативінің) өтініші бойынша Басқарма басшысы СМАЖ арқылы 5 (бес) жұмыс күні ішінде электрондық шот-фактураларды бұғаттан шығаруды жүзеге асырады.

Соманың өзгеруіне байланысты және субсидияларды алу үшін пайдаланылған электрондық шот-фактуралар қайтарып алынған, жойылған және түзетілген жағдайда, субсидия алушы алынған субсидияларды ЖАО-ға қайтарады.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 20.06.2024 № 208 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Алып тасталды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 20.06.2024 № 208 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-бөлім. Өсімдік шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау тәртібі

1-тарау. Басым дақылдар, оның ішінде көпжылдық екпелер өндірісін дамытуды субсидиялау

1-параграф. Негізгі ережелер

17. Басым дақылдар, оның ішінде көпжылдық екпелер өндірісін дамытуды субсидиялауға арналған басым дақылдар тізбесі және субсидия нормалары (бұдан әрі – тізбе және субсидиялар нормалары) облыс, республикалық маңызы бар қала, астана әкімі орынбасарының қолы қойылған ілеспе хатпен тиісті жылдың 1 желтоқсанынан кешіктірілмей Министрлікке мақұлдауға беріледі.

Тізбені және субсидиялар нормаларын Министрлікке мақұлдауға берген кезде субсидиялардың белгіленген нормасын негіздейтін (ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет саласында аккредиттелген және Қазақстан Республикасының резиденттері болып табылатын аграрлық бейіндегі ғылыми ұйымдармен келісілген әрбір субсидияланатын дақыл бойынша шығындар есептемелері), сондай-ақ тізбенің және

субсидиялар нормаларының өңірлік кәсіпкерлер палатасымен және облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық кеңесімен келісілгенін растайтын құжаттар қоса беріледі.

Жабық топырақта басым дақылдар өндірісін дамытуды субсидиялауға арналған субсидиялар нормалары алынған өсінділердің қорытындылары бойынша көкөніс дақылдарының бір дақыл айналымына белгіленеді (1 шаршы метрге тамыр жайған көшеттердің кемінде 95%). Бұл ретте жылытылатын өнеркәсіптік жылыжай кешендеріндегі және фермерлік жылыжайлардағы шығындарды есептеуде қысқы-көктемгі немесе күзгі-қысқы кезеңдердегі электр энергиясына, газға, көмірге арналған шығыстардан тұратын көкөніс дақылдарының 1 (бір) дақыл айналымының шығындары ескеріледі. Жылытылмаған жылыжайлар субсидияланбайды.

Министрлік оң шешім шығарған жағдайда, он жұмыс күні ішінде тізбені және субсидиялар нормаларын тиісті ілеспе хатпен кері қайтарады не теріс шешім шығарған жағдайда, тізбені және субсидиялар нормаларын пысықтауға жолдайды. ЖАО-ның тізбені және субсидиялар нормаларын пысықтау мерзімі бес жұмыс күнін құрайды.

Тізбе және субсидиялар нормалары ЖАО-ның қаулысымен тиісті жылдың 30 желтоқсанынан кешіктірілмей бекітіледі және үш жұмыс күні ішінде СМАЖ-да және ЖАО-ның ресми интернет-ресурсында орналастырылады.

Тізбеге және субсидиялар нормаларына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу осы тармақтың бірінші, екінші, үшінші, төртінші және бесінші бөлімдерінде көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 28.09.2023 № 342 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17-1. Жыл сайын Басқарма ЖАО (оның ішінде аудандық/қалалық) және қоғамдық және үкіметтік емес салалық ұйымдардың өкілдері болып табылатын ұйымдардың қызметкерлері қатарынан жабық топырақта көкөніс дақылдары тұқымдарының/көшеттерінің өсінділерін зерттеп-қарау жөніндегі комиссияны (бұдан әрі – Көкөніс дақылдары тұқымдарының/көшеттерінің өсінділерін зерттеп-қарау жөніндегі комиссия) құрады. Басқарма басшысы Көкөніс дақылдары тұқымдарының/көшеттерінің өсінділерін зерттеп-қарау жөніндегі комиссияның төрағасы болып табылады. Көкөніс дақылдары тұқымдарының/көшеттерінің өсінділерін зерттеп-қарау жөніндегі комиссия мүшелерін Басқарма СМАЖ-да тіркейді.

Өнеркәсіптік жылыжай кешендерінде және фермерлік жылыжайларда жабық топырақта өсірілетін көкөніс дақылдарын зерттеп-қарау үшін ауылшартауарөндіруші (ауылшаркооперативі) осы Қағидаларға 4-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жабық топырақта басым дақылдарды өндіру шығындарын ішінара өтеуге субсидиялар алуға алдын ала өтінім береді.

Көкөніс дақылдары тұқымдарының/көшеттерінің өсінділерін зерттеп-қарау жөніндегі комиссия мүшелері алдын ала өтінім қабылданған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде құжаттарды тексеруді, ауылшартауарөндірушінің (ауылшаркооперативінің) жер учаскелерін, өнеркәсіптік жылыжай кешендерінде немесе фермерлік жылыжайларда жабық топырақта көкөніс дақылдары тұқымдары/көшеттері өсінділерінің бар-жоғын қарап-тексеруді жүзеге асырады.

Әрбір ауылшартауарөндірушіге (ауылшаркооперативіне) Көкөніс дақылдары тұқымдарының/көшеттерінің өсінділерін зерттеп-қарау жөніндегі комиссия айқындайтын кемінде 2 (екі) маман жіберіледі.

Өнеркәсіптік жылыжай кешендерінде немесе фермерлік жылыжайларда қарап-тексеру ауылшартауарөндірушінің (ауылшаркооперативінің) немесе оның сенім білдірілген адамының қатысуымен жүзеге асырылады және нәтижелері бойынша осы Қағидаларға 4-2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қарап-тексеру актісі ресімделеді.

Ескерту. Қағидалар 17-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 28.09.2023 № 342 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-параграф. Субсидия алушылар

18. Субсидиялар Қағидаларда айқындалған тәртіпке сәйкес жыл сайын ауылшартауарөндірушілерге немесе ауылшаркооперативтеріне басым көкөніс дақылдары бойынша өндірілген өнім немесе өңдеу кәсіпорнына өңдеуге тапсырылған өнім үшін не ағымдағы жылы немесе өткен жылдың төртінші тоқсанында өзінің өңдеу құрылымдарына өңдеуге тапсырылған өнім үшін шығындарды ішінара өтеуге бөлінеді.

Салынып жатқан және Инвестициялар туралы келісім шеңберінде іске асырылатын өңдеу зауыттарына жүгері тапсырған ауылшартауарөндірушілерінде немесе ауылшаркооперативтерінде объект пайдалуға тапсырылғаннан және тиісті акт алынғаннан кейін өткен жыл үшін субсидиялар алуға мүмкіндігі бар.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 26.01.2026 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-параграф. Субсидияларды алу шарттары

19. Субсидиялар ЖАО-ның қаулысымен бекітілген субсидиялар нормалары бойынша басым ауыл шаруашылығы дақылдары бойынша 1 тоннаға немесе 1 гектарға төленеді. Бидайды қоспағанда, басым дақылдар өңірлерді мамандандырудың ұсынылатын схемасына қарай айқындалады, оның өндірісі өңдеуші кәсіпорындардың

отандық өндірістің шикізатымен жүктелуін қамтамасыз етуге, өндірілетін өңделген өнім көлемін ұлғайтуға, нарықтың ішкі қажеттілігін қамтамасыз етуге және экспортты дамытуға бағытталған.

Бұл ретте, ЖАО бидайды қоспағанда, басым ауыл шаруашылығы дақылдарын өндіруді субсидиялаудың орындылығын дербес айқындайды

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 28.09.2023 № 342 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. Субсидияларды төлеу мынадай шарттар сақталған кезде жүзеге асырылады:

1) ауылшартауарөндірушінің (ауылшаркооперативінің) осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша басым дақылдарды өндіру шығындарын ішінара өтеуге субсидиялар алуға өтінімді не "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы осы Қағидаларға 5-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жабық топырақта басым дақылдарды өндіру шығындарын ішінара өтеуге субсидиялар алуға арналған өтінімді беруі;

2) ауылшартауарынөндіруші (ауылшаркооперативі) берген және ЭЦҚ қойылған өтінімнің СМАЖ-да тіркелуі;

3) СМАЖ-да ауылшартауарынөндірушіде (ауылшаркооперативінде) деректері СМАЖ-дың "Занды тұлғалар" немесе "Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқорларымен өзара ақпараттық іс-қимылы нәтижесінде расталған жеке шотының болуы;

4) ауылшартауарөндірушіде (ауылшаркооперативінде) СМАЖ-дың мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесімен өзара ақпараттық іс-қимылы нәтижесінде расталған, тиісті алаңда жер пайдалану және (немесе) жеке меншік құқығында ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің болуы (республикалық маңызы бар қалалардың аумағында орналасқан жағдайда – елді мекендердің ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерінің болуы кезінде);

жабық топырақта ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеу кезінде – ауылшартауарөндірушіде (ауылшаркооперативінде) СМАЖ-дың жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрының ақпараттық жүйесімен ақпараттық өзара іс-қимылы нәтижесінде расталған ауыл шаруашылығы мақсатындағы, елді мекендер немесе өнеркәсіп жерлерінде орналасқан, тиісті алаңда жер пайдалану және (немесе) жеке меншік құқығындағы жер учаскелерінің болуы. Жылыжай кешендерінің тізбесін (кадастрлық нөмірі мен жылыжайдың жұмыс алаңы көрсетілген) СМАЖ-ға Басқарма орналастырады.

Ауылшаркооперативінде жер пайдалану және (немесе) жеке меншік құқығында ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелері болмаған жағдайда, ауылшаркооперативі ауылшаркооперативінің мүшелері болып табылатын ауылшартауарөндірушілердің субсидия алуына өтінім береді. Бұл ретте, ауылшартауарөндірушілер субсидия алушылар болып табылады.

Мүшелеріне жер учаскелері тіркелген ауылшаркооперативі мынадай жағдайларда субсидия алуға өтінім береді:

өнімді өңдеуге ауылшаркооперативінің мүшелері тапсырған кезде, бұл ретте ауылшаркооперативінің мүшелері субсидия алушылар болып табылады;

өнімді өңдеуге ауылшаркооперативі тапсырған кезде, бұл ретте ауылшаркооперативі субсидия алушы болып табылады.

Бұл ретте, ауылшаркооперативіне мүшелік өтінімге ауылшаркооперативі мүшелерінің жалпы жиналысының ауылшаркооперативінің мүшелеріне қабылдау туралы шешімінен алынған үзінді-көшірменің электрондық көшірмесін қоса тіркеу жолымен расталады.

Бірлескен кәсіпкерлік нысанында ұйымдасқан, мүшелеріне жер учаскелері тіркелген шаруа немесе фермерлік қожалықтар өнімді өңдеуге шаруа немесе фермерлік қожалықтар тапсырған жағдайда, субсидияға өтінім береді, бұл ретте шаруа немесе фермерлік қожалық субсидия алушы болып табылады.

Шаруа немесе фермерлік қожалыққа мүшелік Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің деректерімен салыстырып-тексеру арқылы расталады;

4-1) ағымдағы жылы немесе өткен жылы ауылшартауарөндірушіге (ауылшаркооперативіне) жер пайдалану және (немесе) жеке меншік құқығымен тиесілі жер учаскесінің шекаралар шегінде орналасқан егістіктерде немесе жабық топырақта басым ауыл шаруашылығы дақылдарының себілуі;

5) ауылшартауарынөндірушінің (ауылшаркооперативінің) басым дақылдарды өңдеуші кәсіпорынға өткізу фактісін СМАЖ-дың ЭШФ АЖ-мен ақпараттық өзара іс-қимылы нәтижесінде растауы.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерде қант қызылшасы мен дәндік жүгері өндіруді өз бетінше жүзеге асыратын және аталған өнімді өңдеуді өз бетінше жүзеге асыратын қант зауыттары мен крахмал-сірне зауыттары үшін өткізу фактісін растау талап етілмейді.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 26.01.2026 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. Өнімнің 1 тоннасына субсидиялар алу үшін ауылшартауарынөндірушілер (ауылшаркооперативтері) өтінімде мыналардың болуына қатысты мәліметтерді қосымша көрсетеді:

өңдеуші кәсіпорынмен жасалған ауыл шаруашылығы өнімін тапсыру туралы шарттар;

ауылшартауарынөндіруші (ауылшаркооперативі) мен өңдеуші кәсіпорын арасында ауыл шаруашылығы өнімінің берілгенін растайтын құжаттардың және (немесе)

өндеуші кәсіпорынның шеккен шығындарын (өтінім беру сәтіне) растайтын төлем құжаттары;

ауыл шаруашылығы өнімін өзінің өндеуші кәсіпорындарында өндеген кезде өндеуші кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелері арасында ауыл шаруашылығы өнімінің берілгенін растайтын, олардың басшылары қол қойған құжат.

4-параграф. Субсидияларды есептеу тәртібі

22. Басым дақылдарды өндіру шығындарын ішінара өтеуге арналған субсидиялар субсидиялауға жататын өткізілген (тапсырылған) ауыл шаруашылығы өнімінің ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші (ауыл шаруашылығы кооперативі) растаған көлемдерінен және ЖАО-ның қаулысымен бекітілген субсидиялар нормаларынан мынадай формула бойынша есептеледі:

$$C = 3 \times H_c,$$

мұндағы:

C – тиесілі субсидиялар сомасы, теңге;

3 – өткізілген (тапсырылған) ауыл шаруашылығы өнімінің расталған көлемі, тонна;

H_c – қосылған құн салығынсыз субсидиялар нормасы, теңге.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 28.09.2023 № 342 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22-1. Жабық топырақта басым көкөніс дақылдарын өндіру шығындарын ішінара өтеуге арналған субсидиялар субсидиялауға жататын ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші (ауыл шаруашылығы кооперативі) растаған алаңдардан және ЖАО-ның қаулысымен бекітілген субсидиялар нормаларынан мынадай формула бойынша есептеледі:

$$C = 3 \times H_c,$$

мұндағы:

C – тиесілі субсидиялар сомасы, теңге;

3 – егіс алаңы, гектар;

H_c – қосылған құн салығынсыз субсидиялар нормасы, теңге гектарға.

Бұдан басқа, өлшем бірлігінің төменгі түрлеріне ауыстыруды ескере отырып, 1 гектардан төмен аудандар да субсидияланады.

Ескерту. Қағидалар 22-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 28.09.2023 № 342 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5-параграф. Субсидиялар төлеу тәртібі

23. Өтінімдерді қабылдау жер учаскесінің орналасқан жері бойынша тиісті жылдың 1 ақпанынан бастап 20 желтоқсанына дейін жүзеге асырылады.

ЖАО өтінімдерді қабылдау басталғанға дейін күнтізбелік он төрт күн бұрын, оның ішінде қосымша қаражат бөлу кезінде ЖАО-ның ресми интернет-ресурсында және СМАЖ-да өтінімдерді қабылдаудың басталған күні туралы хабарландыру орналастырады.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 26.01.2026 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

24. Жеке кабинеттегі тізілім деректеріне қолжетімділік беру үшін:

- 1) ауылшартауарынөндірушілерде (ауылшаркооперативтерінде) ЭЦҚ болуы тиіс;
- 2) Басқарма Министрлікке жыл сайын ЭЦҚ-сы бар жұмыскерлердің өзектендірілген тізімін жібереді.

25. Жеке кабинетте тіркелу үшін ауылшартауарынөндіруші (ауылшаркооперативі) мынадай мәліметтерді көрсетеді:

1) дара кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлғалар үшін: жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН), аты, әкесінің аты (бар болса) және тегі;

2) заңды тұлғалар және бірлескен кәсіпкерлік нысанындағы дара кәсіпкерлер үшін: бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН), толық атауы; бірінші басшының аты, әкесінің аты (бар болса), тегі және ЖСН;

3) байланыс деректері (почталық мекенжайы, телефоны, электрондық почтасының мекенжайы);

4) екінші деңгейдегі банктің немесе почтаның ұлттық операторының ағымдағы шотының деректері.

Жоғарыда көрсетілген деректер өзгерген кезде ауылшартауарынөндіруші (ауылшаркооперативі) бір жұмыс күні ішінде Жеке кабинетке енгізілген жеке шоттың деректерін өзгертеді.

Ескерту. 25-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 28.09.2023 № 342 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

26. Өтінімді қалыптастыру және тіркеу Жеке кабинетте мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1) осы Қағидалардың 20-тармағында көрсетілген талаптарды СМАЖ-бен тексеру үшін қажетті мәліметтер енгізіле отырып, өтінім қалыптастырылады;

2) өтінім СМАЖ-да оған ауылшартауарынөндірушінің (ауылшаркооперативінің) ЭЦҚ-сымен қол қою жолымен тіркеледі және Басқарманың Жеке кабинетінде қолжетімді болады. Басқарманың электрондық мекенжайына өтінімнің қарауға келіп түскені туралы электронды хабарлама жіберіледі.

27. Басқарма өтінімді тіркеген сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде ЭЦҚ-ны пайдаланып тиісті хабарламаға қол қою жолымен оның қабылданғанын растайды не уәжді бас тарту шығарады. Бұл ретте, өтінімді растау туралы хабарлама не уәжді бас тарту электрондық құжат нысанында ауылшартауарөндірушінің (ауылшаркооперативінің) СМАЖ-дағы Жеке кабинетіне жіберіледі.

Егер Басқарма төлем шоттарын қалыптастырған сәтке дейін тіркелген өтінімде деректер сәйкессіздігінің бар екені анықталса, ауылшартауарөндірушінің (ауылшаркооперативінің) себебін көрсете отырып, өтінімді кері қайтарып алуға мүмкіндігі болады.

Бұл ретте, төлем шоттары қалыптастырылғаннан кейін деректердің сәйкессіздігі анықталған жағдайда, субсидиялар төленген сәтке дейін Басқарманың қайтару себебін (уәжді бас тарту) көрсете отырып, өтінімді қайтаруға мүмкіндігі бар.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 28.09.2023 № 342 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

28. Басқарма Қаржыландыру жоспарына сәйкес Басқарма осы Қағидалардың 27-тармағына сәйкес өтінімді қабылдағанын растағаннан кейін екі жұмыс күні ішінде "Қазынашылық-Клиент" ақпараттық жүйесіне жүктелетін субсидияларды төлеуге арналған төлем шоттарын СМАЖ-да қалыптастырады және электрондық құжат нысанында субсидиялардың аударылғаны туралы хабарлама ауылшартауарөндірушінің (ауылшаркооперативінің) Жеке кабинетіне жолданады.

2-тарау. Көпжылдық екпелер өндірісін субсидиялау

1-параграф. Субсидиялар алушылар

29. Көпжылдық екпелер өндірісін субсидиялау жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің көпжылдық екпелері аналықтарынан алынған отырғызу материалын (телітушілер, жертаған жапырақтар, балақ шыбықтар және қалемшелер) (бұдан әрі – отырғызу материалы) өндіруге арналған шығындарды ішінара (50%) өтеу жолымен жүзеге асырылады.

2-параграф. Субсидиялар алу шарттары

30. Отырғызу материалын өндіруге арналған субсидиялар мынадай шарттар сақталған кезде төленеді:

1) "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы осы Қағидаларға б-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің отырғызу материалын өндіруге жұмсалған шығындарды ішінара өтеуге субсидиялар алуға өтінім беру;

2) оригинатор берген өтінімді СМАЖ-да тіркеу;

3) СМАЖ-да оригинатордың деректері СМАЖ-дың "Заңды тұлғалар" немесе "Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқорларымен өзара ақпараттық іс-қимылы нәтижесінде расталған жеке шотының болуы;

4) СМАЖ бен ЭШФ АЖ-ның ақпараттық өзара іс-қимылы нәтижесінде нақты өткізілген отырғызу материалы үшін оригинатордың жұмсалған шығындарын растау;

5) оригинаторда СМАЖ-дың жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрының ақпараттық жүйесімен өзара ақпараттық іс-қимылы нәтижесінде расталған, тиісті алаңда жер пайдалану және (немесе) жеке меншік құқығында ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің болуы.

Шаруа немесе фермер қожалығы нысанында құрылған, жер учаскелері мүшелерінің атына тіркелген оригинатор өтінім берген жағдайда, жер учаскелерінің бар екенін жер учаскелеріне арналған құқық белгілеу және сәйкестендіру құжаттарымен растауға жол беріледі, олардың сканерленген электрондық көшірмелері СМАЖ-да орналастырылады

Ескерту. 30-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 28.09.2023 № 342 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-параграф. Субсидияларды есептеу тәртібі

31. Отырғызу материалын өндіруге арналған субсидиялар оригинаторларға мынадай формула бойынша төленеді:

$$C = M \times H;$$

мұнда:

C – субсидия мөлшері, теңге;

M – өткізілген отырғызу материалының саны, дана;

H – осы Қағидаларға 7-қосымшада көрсетілген жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің отырғызу материалын өндіруге арналған субсидиялар нормативі (бұдан әрі – субсидиялар нормативі), теңге.

Бұл ретте есептеу үшін нақты өткізу бағасы не субсидиялар нормативі қолданылады

Отырғызу материалының нақты құны субсидиялар нормативі есептелген құннан төмен болған жағдайда, субсидияларды есептеу осы Қағидалардың 29-тармағында көрсетілген субсидиялар көлемдерін есепке ала отырып олардың нақты құнынан жүргізіледі.

Отырғызу материалының нақты құны субсидиялар нормативі есептелген құннан жоғары болған жағдайда, субсидия осы Қағидаларға 7-қосымшада көрсетілген субсидиялар нормативіне тең болады.

4-параграф. Субсидияларды төлеу тәртібі

32. Өтінімдерді қабылдау жер учаскесінің орналасқан жері бойынша тиісті жылдың 1 ақпанынан 1 желтоқсанына дейін жүзеге асырылады.

Бұл ретте, ЖАО өтінімдерді қабылдау басталғанға дейін күнтізбелік он төрт күн бұрын, оның ішінде қосымша қаражат бөлу кезінде ЖАО-ның ресми интернет-ресурсында және СМАЖ-да өтінімдерді қабылдаудың басталған күні туралы хабарландыру орналастырады.

33. Жеке кабинеттегі тізілім деректеріне қолжетімділік беру үшін:

- 1) оригиналдардың ЭЦҚ-сы болуы тиіс;
- 2) Басқарма Министрлікке жыл сайын ЭЦҚ-сы бар жұмыскерлердің өзектендірілген тізімін жолдайды.

34. Оригинал Жеке кабинетте тіркелу үшін мынадай мәліметтерді көрсетеді:

1) дара кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлғалар үшін: ЖСН, аты, әкесінің аты (бар болса) және тегі;

2) заңды тұлғалар және бірлескен кәсіпкерлік нысанындағы дара кәсіпкерлер үшін: БСН (оның ішінде шетелдік заңды тұлғаның), заңды тұлғада БСН болмаған жағдайда, шетелдік заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің БСН-сы, толық атауы, бірінші басшысының немесе Жеке кабинетте тіркеуге уәкілетті адамның аты, әкесінің аты (бар болса) және тегі және ЖСН-сы;

3) байланыс деректері (почталық мекенжайы, телефоны, электрондық почтасының мекенжайы);

4) екінші деңгейдегі банктің немесе ұлттық почта операторының ағымдағы шотының деректемелері.

Жоғарыда көрсетілген деректер өзгерген жағдайда, оригинал бір жұмыс күні ішінде Жеке кабинетке енгізілген жеке шоттың деректерін өзгертеді.

Ескерту. 34-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 28.09.2023 № 342 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

35. Өтінімді қалыптастыру және тіркеу Жеке кабинетте мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1) осы Қағидалардың 30-тармағы 3), 4) және 5) тармақшаларының талаптарын СМАЖ-бен тексеру үшін оған қажетті мәліметтер енгізіле отырып, өтінім қалыптастырылады;

2) өтінім СМАЖ-да оригиналдың ЭЦҚ-сымен қол қою арқылы тіркеледі және Басқарманың Жеке кабинетінде қолжетімді болады. Басқарманың электрондық мекенжайына өтінімнің қарауға келіп түскені туралы электронды хабарлама жіберіледі.

36. Егер Басқарма төлеуге арналған төлем шоттарын қалыптастырған сәтке дейін тіркелген өтінімде деректер сәйкессіздігінің бар екені анықталса, онда оригиналда себебін көрсете отырып, өтінімді кері қайтарып алу мүмкіндігі болады.

37. Басқарма өтінім тіркелген сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде ЭЦҚ-ны пайдалана отырып, тиісті хабарламаға қол қою жолымен оның қабылданғанын растайды не уәжді бас тартады. Бұл ретте, өтінімді растау туралы хабарлама не уәжді бас тарту электрондық құжат нысанында оригиналордың СМАЖ-дағы Жеке кабинетіне жіберіледі.

38. Басқарма Қаржыландыру жоспарына сәйкес Басқарма осы Қағидалардың 37-тармағына сәйкес өтінімді қабылдағанын растағаннан кейін екі жұмыс күні ішінде "Қазынашылық-Клиент" ақпараттық жүйесіне жүктелетін субсидияларды төлеуге арналған төлем шоттарын СМАЖ-да қалыптастырады және электрондық құжат нысанында субсидиялардың аударылғаны туралы хабарламаны оригиналордың Жеке кабинетіне жолдайды.

3-тарау. Тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялау

1-параграф. Негізгі ережелер

39. Алып тасталды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 07.03.2024 № 90 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

40. Басқарма СМАЖ-да осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бірегей тұқым өндірушілердің, элиталық тұқым өсіру шаруашылықтарының, тұқым өсіру шаруашылықтарының және тұқым өткізушілердің тізбесін орналастырады.

Бұл ретте Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 4-2/266 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11773 болып тіркелген) бекітілген Бірегей және элиталық тұқым, бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқым өндірушілерді, тұқым өткізушілерді аттестаттау қағидаларына (бұдан әрі – Аттестаттау қағидалары) сәйкес аттестаттау, қайта аттестаттау туралы куәлік берілгеннен не аттестаттау туралы куәліктің қолданылуы тоқтатылғаннан кейін 2 екі жұмыс күні ішінде Басқарма СМАЖ-да бірегей тұқым өндірушілердің, элиталық тұқым өсіру шаруашылықтарының, тұқым өсіру шаруашылықтарының және тұқым өткізушілердің тізбесіне тиісті өзгерістер енгізеді.

Ауыл шаруашылығы дақылдарының тұқымын себудің шекті нормаларын Басқарма СМАЖ-да ғылыми және шекті ғылыми-техникалық қызмет саласында аккредиттелген және Қазақстан Республикасының резиденттері болып табылатын аграрлық бейіндегі ғылыми ұйымдардың қорытындылары негізінде орналастырады. Субсидияларды есептеу кезінде себудің шекті нормасынан асатын себу нормасы қолданылған жағдайда, субсидиялар себудің шекті нормасы бойынша есептеледі.

41. Жыл сайын Басқарма ЖАО-ның (оның ішінде аудандық/қалалық) және қоғамдық және үкіметтік емес салалық ұйымдардың өкілдері болып табылатын ұйымдардың қызметкерлері қатарынан жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің

көпжылдық екпелерін зерттеп-қарау жөніндегі комиссияны (бұдан әрі – Көпжылдық екпелерді зерттеп-қарау жөніндегі комиссия) құрады. Көпжылдық екпелерді зерттеп-қарау жөніндегі комиссияның төрағасы Басқарма басшысы болып табылады.

Көпжылдық екпелерді зерттеп-қарау жөніндегі комиссия мүшелерін Басқарма СМАЖ-да тіркейді.

Бір (екі) жыл пайдаланылған бұлдірген (құлпынай) екпелерін қоса алғанда, жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің көпжылдық екпелерін зерттеп-қарау үшін ауылшартауарөндіруші (ауылшаркооперативі) осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің көпжылдық екпелерін отырғызуға жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің нақты сатып алынған және пайдаланылған элиталық көшеттері үшін субсидиялар алуға алдын ала өтінім береді.

Көпжылдық екпелерді зерттеп-қарау жөніндегі комиссия мүшелері он жұмыс күні ішінде құжаттарды тексеруді, ауылшартауарөндірушінің (ауылшаркооперативінің) жер учаскелерін қарап-тексеруді, ауылшартауарөндіруші (ауылшаркооперативі) элиталық көшеттермен отырғызған жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің көпжылдық екпелерін зерттеп-қарауды жүзеге асырады.

Әрбір ауылшартауарөндірушіге (ауылшаркооперативіне) Көпжылдық екпелерді зерттеп-қарау жөніндегі комиссия айқындаған кемінде 2 (екі) маман жіберіледі.

Зерттеп-қарау ауылшартауарөндірушінің (ауылшаркооперативінің) немесе оның сенім білдірілген адамының қатысуымен жүзеге асырылады және нәтижелері бойынша осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша отырғызылған жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің көпжылдық екпелерін зерттеп-қарау актісі (бұдан әрі – зерттеп-қарау актісі) ресімделеді.

Ескерту. 41-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 28.09.2023 № 342 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-параграф. Субсидия алушылар

42. Субсидиялар:

- 1) элиттұқымшардың нақты сатып алынған аудандастырылған және перспективалы сорттардың бірегей тұқымдарына жұмсаған шығындарын ішінара (60%) өтеуге;
- 2) тұқымшардың, ауылшартауарөндірушілердің (ауылшаркооперативтердің) нақты сатып алынған элиталық тұқымдарға жұмсаған шығындарын ішінара (60%) өтеуге;
- 3) ауылшартауарөндірушілердің (ауылшаркооперативтердің) нақты сатып алынған бірінші репродукция тұқымдарына және (немесе) мақтаның екінші репродукция тұқымдарына жұмсаған шығындарын ішінара (40%) өтеуге;

4) ауылшартауарөндірушілердің (ауылшаркооперативтердің) нақты сатып алынған бірінші ұрпақ будандарының тұқымдарына жұмсаған шығындарын ішінара (40%) өтеуге;

5) ауылшартауарөндірушілердің (ауылшаркооперативтердің) жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің көпжылдық екпелерін отырғызуға жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің нақты сатып алынған және пайдаланылған элиталық көшеттері үшін жұмсаған шығындарын ішінара (50%) өтеуге арналады.

Бұл ретте қызанақ пен қиярдың элиталық тұқымдары және бірінші ұрпақ будандарының тұқымдары бойынша субсидиялар қызанақ пен қиярды өнеркәсіптік жылыжай кешендерінде немесе фермерлік жылыжайларда қорғалған топырақ жағдайында өсіретін ауылшартауарынөндірушілерге (ауылшаркооперативтеріне) арналады.

Ескерту. 42-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 26.01.2026 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-параграф. Субсидия алу шарттары

43. Осы Қағидалардың 42-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген субсидиялар осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша нақты сатып алынған бірегей тұқымдарға субсидиялар алуға арналған өтінімді "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы берген жағдайда төленеді.

44. Осы Қағидалардың 42-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген субсидиялар тұқымшар, ауылшартауарөндіруші (ауылшаркооперативі) "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша нақты сатып алынған элиталық тұқымдарға субсидиялар алуға арналған өтінімді берген жағдайда төленеді.

Бұл ретте субсидиялар қызанақтың, қиярдың және мақтаның элиталық тұқымдарын қоспағанда, дақылдың егіс алаңынан 15 (он бес) пайыздан аспайтын алаңға, картоптың элиталық тұқымдары үшін егіс алаңынан 50 (елу) пайыздан аспайтын алаңға сатып алынған элиталық тұқым көлеміне төленеді.

Бюджет қаражаты қажетті көлемде болған жағдайда, элиталық тұқымдарға арналған субсидиялар дақылдың егіс алаңының 30 (отыз) пайызына дейінгі алаңға төленеді. Субсидиялауға жататын егіс алқабының үлесі өтінімдерді қабылдау басталғанға дейін жылына бір рет белгіленеді.

Бір мезгілде элиталық тұқым шаруашылығы болып табылатын тұқымшарға ағымдағы жылы элиталық тұқым ретінде немесе алдыңғы үш жылда Аттестаттау қағидаларына сәйкес элиталық тұқым өндіруді және өткізуді жүзеге асырған сорттардың нақты сатып алынған элиталық тұқымдары үшін субсидиялар төленбейді.

Бір мезгілде элиттұқымшар болып табылатын ауылшартауарөндірушіге (ауылшаркооперативіне) осы ауылшартауарөндіруші (ауылшаркооперативі) ағымдағы жылы немесе алдыңғы үш жылда элиттұқымшар ретінде Аттестаттау қағидаларына сәйкес элиталық тұқымдарды өндіруді және өткізуді жүзеге асырған сорттардың нақты сатып алынған элиталық тұқымдары үшін субсидиялар төленбейді.

Ескерту. 44-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 07.03.2024 № 90 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

45. Осы Қағидалардың 42-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген субсидиялар ауылшартауарөндіруші (ауылшаркооперативі) "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша нақты сатып алынған бірінші репродукция тұқымдарына және (немесе) екінші репродукцияның мақта тұқымдарына субсидиялар алуға арналған өтінім берген жағдайда төленеді.

Бұл ретте субсидиялар мақтаның бірінші және екінші репродукция тұқымдарын қоспағанда, дақылдың егіс алаңынан 20 (жиырма) пайыздан аспайтын алаңға сатып алынған бірінші репродукция тұқымдарының көлеміне, картоптың бірінші репродукция тұқымдары үшін егіс алаңынан 50 (елу) пайыздан аспайтын алаңға сатып алынған тұқым көлеміне төленеді.

Бюджет қаражаты қажетті көлемде болған жағдайда, бірінші репродукция тұқымдарына субсидиялар дақылдың егіс алаңының 40 (қырық) пайызына дейінгі алаңға төленеді. Субсидиялауға жататын егіс алаңының үлесі өтінімдерді қабылдау басталғанға дейін жылына бір рет белгіленеді.

Бір мезгілде тұқымшар болып табылатын ауылшартауарөндірушіге (ауылшаркооперативіне) осы ауылшартауарөндіруші (ауылшаркооперативі) ағымдағы жылы немесе алдыңғы екі жылда тұқымшар ретінде Аттестаттау қағидаларына сәйкес бірінші репродукция тұқымдарын өндіруді және өткізуді жүзеге асырған сорттардың бірінші репродукциясының нақты сатып алынған тұқымдары үшін субсидиялар төленбейді.

Ескерту. 45-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 07.03.2024 № 90 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

46. Осы Қағидалардың 42-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген субсидиялар ауылшартауарөндіруші (ауылшаркооперативі) осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша нақты сатып алынған жүгерінің, қант қызылшасының, рапстың, күнбағыстың, мақтаның, құмайдың, қызанақтың және қиярдың бірінші ұрпақ будандарының тұқымдарына субсидиялар алуға арналған өтінімді "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы берген жағдайда төленеді.

47. Осы Қағидалардың 42-тармағының 5) тармақшасында көрсетілген субсидиялар ауылшартауарөндіруші (ауылшаркооперативі) жеміс-жидек дақылдары мен

жүзімнің көпжылдық екпелерін отырғызуға нақты сатып алынған және пайдаланылған жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің элиталық көшеттері үшін субсидиялар алуға "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінім берген кезде төленеді.

48. Ауылшартауарөндіруші (ауылшаркооперативі) субсидияланатын тұқымдарды шарт негізінде элиттұқымшардан (тұқымшардан, өткізушіден) арзандатылған құнмен сатып алған жағдайда, осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидияланатын тұқымдарды арзандатылған құнмен сатып алу кезінде тиесілі субсидияларды төлеу туралы өтпелі өтінімді "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы береді.

Мұндай жағдайда субсидия элиттұқымшарға (тұқымшарға, өткізушіге) элиттұқымшар (тұқымшар, өткізуші) өтпелі өтінімге күнтізбелік он бес күннен кешіктірмей осы Қағидалардың 60 және 61-тармақтарына сәйкес нақты өткізілген субсидияланатын тұқымдар туралы мәліметтерді енгізгенде төленеді.

Элиттұқымшар (тұқымшар, өткізуші) өтпелі өтінімге нақты өткізілген субсидияланатын тұқымдар туралы мәліметтерді белгіленген мерзімде енгізбеген жағдайда, ауылшартауарөндіруші (ауылшаркооперативі) өтпелі өтінімді қайта береді.

Элиттұқымшар (тұқымшар, өткізуші) субсидияланатын тұқымдарды басқа облыстың ауылшартауарынөндірушілеріне (ауылшаркооперативіне) өткізген жағдайда, ауылшартауарынөндіруші (ауылшаркооперативі) аумағында егіс алаңдары орналасқан облыс басқармасының атына өтінім береді. Бұл ретте субсидиялар аумағында ауылшартауарынөндірушінің (ауылшаркооперативінің) егіс алаңдары орналасқан облыстың жергілікті бюджетінде көзделген қаражат есебінен төленеді.

Ескерту. 48-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 26.01.2026 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

48-1. Субсидияланатын тұқымдарды оригинатордан, элиттұқымшардан (тұқымшардан, өткізушіден) сатып алу кезінде, Аттестаттау қағидаларына сәйкес берілген субсидиялануға өтінім берілген сортты өндіруге және (немесе) өткізуге арналған аттестаттау куәлігінің бар екендігін растау СМАЖ-дың "Е-лицензиялау" мемлекеттік дерекқоры" ақпараттық жүйесімен ақпараттық өзара іс-қимылы нәтижесінде расталады.

Қағидалардың 40-тармағына сәйкес тізбеге енгізілген оригинатордан (элиттұқымшардан, тұқымшардан) тұқымдар сатып алынған жағдайда, нақты сатып алынған бірегей және элиталық тұқымдар бойынша шығындардың 70 %-ы мөлшерінде, нақты сатып алынған бірінші репродукциялы және (немесе) екінші репродукциялы мақта тұқымдары, сондай-ақ бірінші буындағы будандар тұқымдары бойынша шығындардың 50 %-ы мөлшерінде ішінара өтеу жүргізіледі.

Ескерту. 3-тарау 48-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 26.01.2026 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

49. Субсидиялар мынадай шарттар сақталған кезде төленеді:

1) элиттұқымшардың (тұқымшардың, өткізушінің) және ауылшартауарөндірушінің (ауылшаркооперативінің) берген өтінімінің (өтпелі өтінімінің) СМАЖ-да тіркелуі;

2) СМАЖ-да элиттұқымшардың, тұқымшардың, өткізушінің және ауылшартауарөндірушінің (ауылшаркооперативінің) деректері СМАЖ-дың "Заңды тұлғалар" немесе "Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқорларымен ақпараттық өзара іс-қимылы нәтижесінде расталған жеке шотының болуы;

3) СМАЖ бен ЭШФ АЖ-ның ақпараттық өзара іс-қимылы нәтижесінде элиттұқымшардың, тұқымшардың, ауылшартауарөндірушілердің (ауылшаркооперативтерінің) сатып алған субсидияланатын тұқымдарға жұмсаған шығындарының расталуы.

Элиттұқымшар, тұқымшар және ауылшартауарөндіруші (ауылшаркооперативі) субсидияланатын тұқымдарды ЭШФ АЖ қолданбайтын шетелдік тұқым өндірушіден тікелей сатып алған жағдайда, субсидияланатын тұқымдарды сатып алуға жұмсалған шығындар тауарларға арналған кедендік декларацияның (Еуразиялық экономикалық одаққа кірмейтін елдерден субсидияланатын тұқымдар сатып алған элиттұқымшар, тұқымшар, ауылшартауарөндірушілер (ауылшаркооперативі) үшін) мәліметтерімен немесе "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Салық кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 530-бабының 2-тармағына сәйкес тауардың Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағынан әкелінгенін растайтын салық органының белгісі бар тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтінішпен (өтініштермен) расталады.

Өңдеуші кәсіпорын тұқымдарды, кейіннен ауылшартауарөндірушілердің (ауылшаркооперативтерінің) пайдалануына сатып алған жағдайда, сатып алынған тұқымдар үшін шығындарды (өтінім беру сәтінде) өңдеуші кәсіпорын растайды. Бұл ретте ауылшартауарөндіруші (ауылшаркооперативі) және өңдеуші кәсіпорын, тұқымдарды сатушы (оригинатор, элиттұқымшар, тұқымшар, өткізуші, шетелдік өндіруші) арасындағы шарттың көшірмесін қоса бере отырып өтінім берген ауылшартауарөндіруші (ауылшаркооперативі) субсидия алушы болып табылады;

4) элиттұқымшарда, тұқымшарда және ауылшартауарөндірушіде (ауылшаркооперативінде) СМАЖ-дың жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрының ақпараттық жүйесімен өзара іс-қимылы нәтижесінде расталған, тиісті алаңда жер пайдалану және (немесе) жеке меншік құқығында ауыл шаруашылығы

мақсатындағы жер учаскелерінің болуы (республикалық маңызы бар қалалардың аумағында орналасқан жағдайда – елді мекендердің ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерінің болуы кезінде).

Өндірістік жылыжай кешенінде немесе фермерлік жылыжайда ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру кезінде ауылшартауарөндірушіде (ауылшаркооперативінде) жер пайдалану және (немесе) жеке меншік құқығында ауыл шаруашылығы мақсатындағы, елді мекендер немесе өнеркәсіп жерлерінде орналасқан, тиісті алаңда жер пайдалану және (немесе) жеке меншік құқығындағы жер учаскелерінің болуы. Жылыжай кешендерінің тізбесін (кадастрлық нөмірі мен жылыжайдың жұмыс алаңы көрсетілген) СМАЖ-ға Басқарма орналастырады.

Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес бірлескен шаруашылық қызмет туралы шарт негізінде әрекет ететін ауылшартауарөндіруші өтінім (өтпелі өтінім) берген жағдайда, жер пайдалану және (немесе) жеке меншік құқығында ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің болуы туралы талап осындай жер учаскелері бар бірлескен шаруашылық қызмет туралы шартқа қатысушыға қатысты қолданылады. Бұл ретте бірлескен шаруашылық қызмет туралы шарттың көшірмесін қоса бере отырып, өтінім (өтпелі өтінім) берген ауылшартауарөндіруші субсидия алушы болып табылады.

Мүшелеріне жер учаскелері тіркелген ауылшаркооперативі мынадай жағдайларда субсидия алуға өтінім (өтпелі өтінім) береді:

субсидияланатын тұқымдарды ауылшаркооперативінің мүшелері сатып алғанда, бұл ретте ауылшаркооперативінің мүшелері субсидия алушылар болып табылады;

субсидияланатын тұқымдарды ауылшаркооперативі сатып алғанда, бұл ретте ауылшаркооперативі субсидия алушы болып табылады.

Бұл ретте ауылшаркооперативіне мүшелік ауылшаркооперативі мүшелерінің жалпы жиналысының ауылшаркооперативінің мүшелеріне қабылдау туралы шешімінен үзінді-көшірменің электрондық көшірмесін өтінімге қоса тіркеу жолымен расталады.

Бірлескен кәсіпкерлік түрінде ұйымдасқан, мүшелеріне жер учаскелері тіркелген шаруа немесе фермерлік қожалықтар субсидияға арналған өтінімді (өтпелі өтінімді) шаруа немесе фермерлік қожалықтар тұқымдарды сатып алған жағдайда береді, бұл ретте шаруа немесе фермерлік қожалық субсидия алушы болып табылады.

Шаруа немесе фермерлік қожалыққа мүшелік Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің деректерімен салыстырып-тексеру арқылы расталады;

5) СМАЖ-дың жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрының ақпараттық жүйесімен өзара іс-қимылы нәтижесінде расталған, тиісті мөлшерде жұмыс алаңы бар өнеркәсіптік жылыжай кешенінің немесе фермерлік жылыжайдың (қорғалған топырақта қызанақ және қияр өндірумен айналысатын ауылшартауарөндірушілер (ауылшаркооперативтері үшін) болуы;

б) соңғы екі жылдағы (ағымдағы және алдыңғы жылдар) ауыспалы егістер туралы мәліметтердің болуы.

Ескерту. 49-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 26.01.2026 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4-параграф. Субсидияларды есептеу тәртібі

50. Осы Қағидалардың 42-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген субсидиялар мынадай формуламен есептеледі:

$$C = CH \times A \times H;$$

мұнда:

C – тиесілі субсидиялар сомасы, теңге;

CH – себу нормасы, бір гектарға тонна;

A – элиттұқымшардың ауыл шаруашылығы дақылының алаңы, гектар;

H – осы Қағидаларға 17-қосымшада көрсетілген 1 тоннаға арналған субсидиялар нормативі, теңге.

Бұл ретте есептеу үшін нақты сатып алу бағасы не субсидиялар нормативі қолданылады.

Тұқымдардың нақты құны субсидиялар нормативі есептелген құннан төмен болған жағдайда, субсидияларды есептеу осы Қағидалардың 42-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген субсидиялар мөлшерін есепке ала отырып, олардың нақты құнынан жүргізіледі.

Тұқымдардың нақты құны субсидиялар нормативі есептелген құннан жоғары болған жағдайда, субсидия субсидиялар нормативіне тең болады.

51. Осы Қағидалардың 42-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген субсидиялар қызанақтың, қиярдың және мақтаның элиталық тұқымдарын қоспағанда, дақылдың егіс алаңының 15 (он бес) пайызынан аспайтын алаңға, картоптың элиталық тұқымдары үшін егіс алаңының 50 (елу) пайызынан аспайтын алаңға сатып алынған тұқым көлеміне төленеді және мынадай формула бойынша есептеледі:

$$C = (A \times Y) / 100 \% \times CH \times H,$$

мұнда:

C – тиесілі субсидиялар сомасы, теңге;

A – тұқымшардың, ауылшартауарынөндірушінің (ауылшаркооперативінің) ауыл шаруашылығы дақылы алаңы, гектар;

Y – субсидиялауға жататын егіс алаңының үлесі, %;

CH – себу нормасы, бір гектарға тонна (дана);

H – осы Қағидаларға 17-қосымшада көрсетілген 1 тоннаға (данаға) арналған субсидиялар нормативі, теңге.

Бұл ретте есептеу үшін нақты сатып алу бағасы не субсидиялар нормативі қолданылады.

Тұқымдардың нақты құны субсидиялар нормативі есептелген құннан төмен болған жағдайда, субсидияларды есептеу осы Қағидалардың 42-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген субсидиялар мөлшерін есепке ала отырып, олардың нақты құнынан жүргізіледі.

Тұқымдардың нақты құны субсидиялар нормативі есептелген құннан жоғары болған жағдайда, субсидия субсидиялар нормативіне тең болады.

52. Осы Қағидалардың 42-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген субсидиялар мақтаның бірінші және екінші репродукция тұқымдарын қоспағанда, дақылдың егіс алаңынан 20 (жиырма) пайыздан аспайтын алаңға картоптың элиталық бірінші және екінші репродукция тұқымдары үшін егіс алаңынан 50 (елу) пайыздан аспайтын алаңға сатып алынған тұқым көлеміне төленеді және мына формула бойынша есептеледі:

$$C = (A \times Y) / 100 \% \times CH \times H;$$

мұнда:

C – тиесілі субсидиялар сомасы, теңге;

A – ауылшартауарөндірушідегі (ауылшаркооперативіндегі) ауыл шаруашылығы дақылының алаңы, гектар;

Y - субсидиялауға жататын егіс алаңының үлесі, %;

CH – себу нормасы, бір гектарға тонна;

H – осы Қағидаларға 17-қосымшада көрсетілген (1 тоннаға) тұқымдарға арналған субсидиялар нормативі, теңге.

Бұл ретте есептеу үшін нақты сатып алу бағасы не субсидиялар нормативі қолданылады.

Тұқымдардың нақты құны субсидиялар нормативі есептелген құннан төмен болған жағдайда, субсидияларды есептеу осы Қағидалардың 42-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген субсидиялар мөлшерін есепке ала отырып, олардың нақты құнынан жүргізіледі.

Тұқымдардың нақты құны субсидиялар нормативі есептелген құннан жоғары болған жағдайда, субсидия субсидиялар нормативіне тең болады.

53. Осы Қағидалардың 42-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген субсидиялар мынадай формула бойынша есептеледі:

$$C = CH \times A \times H,$$

мұнда:

C – тиесілі субсидиялар сомасы, теңге;

CH – себу нормасы (саны), бір гектарға тонна (дана, егіс бірлігі);

A – ауылшартауарынөндірушінің (ауылшаркооперативінің) ауыл шаруашылығы дақылы алаңы, гектар;

Н – осы Қағидаларға 17-қосымшада көрсетілген (1 тоннаға (данаға, егіс бірлігіне)) тұқымдарға арналған субсидиялар нормативі, теңге.

Бұл ретте есептеу үшін нақты сатып алу бағасы не субсидиялар нормативі қолданылады.

Тұқымдардың нақты құны субсидиялар нормативі есептелген құннан төмен болған жағдайда, субсидияларды есептеу осы Қағидалардың 42-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген субсидиялар мөлшерін есепке ала отырып, олардың нақты құнынан жүргізіледі.

Тұқымдардың нақты құны субсидиялар нормативі есептелген құннан жоғары болған жағдайда, субсидия субсидиялар нормативіне тең болады.

54. Осы Қағидалардың 42-тармағының 5) тармақшасында көрсетілген субсидиялар мынадай формула бойынша есептеледі:

$$C = OH \times A \times H;$$

мұнда:

C – тиесілі субсидиялар сомасы, теңге;

OH – отырғызу нормасы (саны), бір гектарға дана;

A – ауылшартауарөндірушідегі (ауылшаркооперативіндегі) ауыл шаруашылығы дақылының алаңы, гектар;

H – осы Қағидаларға 17-қосымшада көрсетілген тұқымдарға (1 данаға) арналған субсидиялар нормативі, теңге.

Бұл ретте есептеу үшін нақты сатып алу бағасы не субсидиялар нормативі қолданылады.

Элиталық көшеттердің нақты құны субсидиялар нормативі есептелген құннан төмен болған жағдайда, субсидияларды есептеу осы Қағидалардың 42-тармағының 5) тармақшасында көрсетілген субсидиялар мөлшерін есепке ала отырып, олардың нақты құнынан жүргізіледі.

Элиталық көшеттердің нақты құны субсидиялар нормативі есептелген құннан жоғары болған жағдайда, субсидия субсидиялар нормативіне тең болады.

5-параграф. Субсидияларды төлеу тәртібі

55. Өтінімдерді (өтпелі өтінімдерді) қабылдау жер учаскесінің орналасқан жері бойынша ағымдағы жылы және өткен жылдың 4 (төртінші) тоқсанында сатып алынған тұқымдар үшін тиісті жылдың 1 ақпанынан 1 желтоқсанына дейін жүзеге асырылады.

Қызанақ және қияр тұқымдары қорғалған топырақта қызанақтың және қиярдың екеуден аспайтын: біріншісі – ағымдағы жылғы 1 қаңтардан 15 маусымға дейін және екіншісі – 1 қыркүйектен 30 қарашаға дейін (қысқы-көктемгі және күзгі-қысқы кезеңдер) дақыл айналымын пайдалану үшін субсидияланады. Дақыл айналымының белгіленген басталу және аяқталу күндерінен күнтізбелік 15 күнге ауытқуға жол беріледі.

Бұл ретте, ЖАО өтінімдерді (өтпелі өтінімдерді) қабылдау басталғанға дейін күнтізбелік он төрт күн бұрын, оның ішінде қосымша қаражат бөлу кезінде ЖАО-ның ресми интернет-ресурсында және СМАЖ-да өтінімдерді (өтпелі өтінімдерді) қабылдаудың басталған күні туралы хабарландыру орналастырады.

Ескерту. 55-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 26.01.2026 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

56. Жеке кабинеттегі тізілім деректеріне қолжетімділік беру үшін:

- 1) элиттұқымшарда, тұқымшарда, тұқым өткізушілерде, ауылшартауарөндірушілерде, ауылшаркооперативтерінде ЭЦҚ болуы тиіс;
- 2) Басқарма Министрлікке жыл сайын ЭЦҚ-сы бар жұмыскерлердің өзектендірілген тізімін жібереді.

57. Жеке кабинетте тіркелу үшін элиттұқымшар, тұқымшар, тұқым өткізушілер, ауылшартауарөндірушілер, ауылшаркооперативтері мынадай мәліметтерді көрсетеді:

1) дара кәсіпкерлер ретінде тіркелген жеке тұлғалар үшін: ЖСН-сы, аты және әкесінің аты (бар болса), тегі;

2) заңды тұлғалар және бірлескен кәсіпкерлік нысанындағы дара кәсіпкерлер үшін: бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН) (оның ішінде шетелдік заңды тұлғаның), заңды тұлғада БСН болмаған жағдайда, шетелдік заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің БСН-сы, толық атауы, бірінші басшының немесе Жеке кабинетте тіркеуге уәкілетті адамның аты, әкесінің аты (бар болса) және тегі және ЖСН;

3) байланыс деректері (почталық мекенжайы, телефоны, электрондық почтасының мекенжайы);

4) екінші деңгейдегі банктің немесе ұлттық почта операторының ағымдағы шотының деректемелері.

Жоғарыда көрсетілген деректер өзгерген кезде, элиттұқымшар, тұқымшар, тұқым өткізуші, ауылшартауарөндіруші, ауылшаркооперативі бір жұмыс күні ішінде Жеке кабинетке енгізілген жеке шоттың деректерін өзгертеді.

Ескерту. 57-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 28.09.2023 № 342 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

58. Өтінімді (өтпелі өтінімді) қалыптастыру және тіркеу Жеке кабинетте мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1) осы Қағидалардың 49-тармағы 3) және 4) тармақшаларының талаптарын СМАЖ-бен тексеру үшін оған қажетті мәліметтер енгізіле отырып, өтінім не осы Қағидалардың 49-тармағының 4) тармақшасының талаптарын СМАЖ-бен тексеру үшін оған қажетті мәліметтер енгізіле отырып, өтпелі өтінім қалыптастырылады;

2) өтінім (өтпелі өтінім) СМАЖ-да элиттұқымшар, тұқымшар, тұқым өткізуші, ауылшартауарөндіруші, ауылшаркооперативі ЭЦҚ-сымен қол қою арқылы тіркеледі

және Басқарманың Жеке кабинетінде қолжетімді болады. Басқарманың электрондық мекенжайына қарауға өтінім (өтпелі өтінім) келіп түскені туралы электрондық хабарлама жіберіледі.

59. Егер Басқарма төлем шоттарын қалыптастырған сәтке дейін тіркелген өтінімде деректер сәйкессіздігінің бар екені анықталса, элиттұқымшардың, тұқымшардың, тұқым өткізушінің, ауылшартауарөндірушінің, ауылшаркооперативінің себебін көрсете отырып, өтінімді (өтпелі өтінімді) кері қайтарып алуға мүмкіндігі болады.

Бұл ретте, төлем шоттары қалыптастырылғаннан кейін деректердің сәйкессіздігі анықталған жағдайда, субсидиялар төленген сәтке дейін Басқарманың қайтару себебін (уәжді бас тарту) көрсете отырып, өтінімді қайтаруға мүмкіндігі бар.

Ескерту. 59-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 28.09.2023 № 342 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

60. Басқарма өтінім (өтпелі өтінім) тіркелген сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде ЭЦҚ-ны пайдалана отырып, тиісті хабарламаға қол қою жолымен оның қабылданғанын растайды не теріс шешім шығарады. Бұл ретте, өтінімді растау туралы хабарлама не уәжді бас тарту электрондық құжат нысанында ауылшартауарынөндірушінің (ауылшаркооперативінің) СМАЖ-дағы Жеке кабинетіне жіберіледі.

Бұл ретте, өтпелі өтінімнің қабылданғаны туралы хабарлама элиттұқымшардың (тұқымшардың, өткізушінің) Жеке кабинетінде қолжетімді болады. Элиттұқымшар (тұқымшар, тұқым өткізуші) осы Қағидалардың 49-тармағы 3) тармақшасының талаптарын орындау үшін нақты өткізілген субсидияланатын тұқымдар бойынша мәліметтерді тізілімге енгізеді.

61. Элиттұқымшар (тұқымшар, өткізуші) осы Қағидалардың 48-тармағында бекітілген мерзімде нақты өткізілген субсидияланатын тұқымдар бойынша мәліметтерді өтпелі өтінімге уақытында енгізбеген жағдайда, өтпелі өтінім жойылады. Бұл ретте ауылшартауарынөндірушінің (ауылшаркооперативінің) Жеке кабинетінде өтпелі өтінімді жою туралы ескертпе қол жетімді болады.

62. Басқарма Қаржыландыру жоспарына сәйкес СМАЖ-да "Қазынашылық-Клиент" ақпараттық жүйесіне жүктелетін субсидия төлеуге арналған төлем шотын екі жұмыс күні ішінде:

осы Қағидалардың 60 және 61-тармақтарына сәйкес Басқарма өтінімді қабылдағанын растағаннан кейін;

элиттұқымшар (тұқымшар, өткізуші) осы Қағидалардың 49-тармағы 3) тармақшасының талаптарына сәйкес нақты өткізілген субсидияланатын тұқымдар бойынша мәліметтерді тізілімге енгізгеннен кейін қалыптастырады.

Бұл ретте, субсидиялардың аударылғаны туралы хабарлама электрондық құжат нысанында элиттұқымшардың, тұқымшардың, ауылшартауарынөндірушінің (ауылшаркооперативінің) Жеке кабинетіне жіберіледі.

Ескерту. 62-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 07.03.2024 № 90 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4-тарау. Тыңайтқыштардың (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) құнын субсидиялау

1-параграф. Негізгі ережелер

63. Тыңайтқыштарды өндірушілер (оның ішінде шикізат өндіруден бастап, оны терең өңдеуден бастап дайын өнім шығаруға дейінгі тыңайтқыштар өндірудің толық циклі бар, жер қойнауын пайдалануға арналған лицензиясы не келісімшарты және тау-кен және химия өндірістерін пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар өндірушілердің тізбесі химиялық өндірістерді пайдалану (бұдан әрі – тыңайтқыштар өндірудің толық циклі бар тыңайтқыштар өндірушілер)), жеткізушілер, импорттаушылар және шетелдік өндірушілер және олар өндіретін (өткізетін) өнімдер тізбесін (бұдан әрі – жеткізушілер тізбесі) өнеркәсіп саласындағы уәкілетті орган Министрлікке және ЖАО-ға ағымдағы жылдың 1 қарашасынан кешіктірмей және кейінгі жылға тиісті жылдың 1 маусымынан кешіктірмей ұсынады.

Бұл ретте жеткізушілер тізбесі алынғаннан кейін оны Министрлік үш жұмыс күні ішінде Министрліктің ресми интернет-ресурсында және СМАЖ-да, ЖАО – ЖАО-ның ресми интернет-ресурсында орналастырады.

Ескерту. 63-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 26.01.2026 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

64. Тыңайтқыштар өндірудің толық циклі бар тыңайтқыштар өндірушілерді қоспағанда тыңайтқыштарды сатушылар, келесі жылға ағымдағы жылдың 1 қарашасынан кешіктірмей және тиісті жылдың 1 маусымынан кешіктірмей тыңайтқыштардың тиісті түрлеріне арналған баға ұсыныстарын (прайс-парақтарды) ЖАО-ға ұсынады.

Басқарма ағымдағы жылдың 1 желтоқсанына дейін кейінгі жылдарға және тиісті жылдың 1 шілдесіне дейін республика бойынша тыңайтқыштың ең төменгі құнын айқындау үшін тиісті өңірдегі жеткізушілер тізбесінде бар тыңайтқыштардың түрлеріне (әсер етуші заттардың құрамын көрсете отырып) арналған бағаларды СМАЖ-ға енгізеді. Бұл ретте тыңайтқыштар өндірудің толық циклі бар тыңайтқыштар өндірушілердің баға ұсыныстары (прайс-парақтары) республика бойынша тыңайтқыштардың ең төменгі құнын айқындау кезінде де ескеріледі.

Тыңайтқыштарға арналған субсидиялардың тізбесі мен нормалары жыл сайын тиісті жылдың 1 ақпанынан кешіктірілмей ЖАО қаулысымен бекітіледі және үш жұмыс күні ішінде СМАЖ-да және ЖАО-ның ресми интернет-ресурсында орналастырылады.

Тыңайтқыштарға арналған субсидиялардың тізбесі мен нормаларына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуді көздейтін қаулы тиісті жылдың 1 тамызынан кешіктірілмей бекітіледі.

Бұл ретте тыңайтқыштарға арналған субсидиялардың тізбесі мен нормалары:

тыңайтқыштарды жеткізушілер тізбесінде сатушылардың және олар өндіретін (өткізетін) тыңайтқыштардың болуы;

субсидиялар нормаларын белгілеу үшін СМАЖ функционалын қолдана отырып, тыңайтқыштардың қалыптасқан бағаларын талдау негізінде қалыптастырылады.

Осы тармақтың нормалары тыңайтқыштар өндірудің толық циклі бар тыңайтқыштар өндірушілерден тыңайтқыштар сатып алу кезінде, оның ішінде аванстық төлеммен субсидиялау тетігі шеңберінде осы Қағидалардың 4-тарауының 3-1-параграфында белгіленген субсидиялар алу шарттарына қолданылмайды.

Ескерту. 64-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 04.06.2025 № 190 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

64-1. Тыңайтқыштар өндірудің толық циклі бар тыңайтқыштар өндірушілер, оның ішінде аванстық төлеммен субсидиялау тетігі шеңберінде ағымдағы жылдың 1 қарашасынан кешіктірмей ЖАО-ға тыңайтқыштардың тиісті түрлеріне келесі жылға арналған баға ұсыныстарын (прайс-парақтарды) ұсынады.

Басқарма келесі жылға ағымдағы жылдың 1 желтоқсанынан кешіктірмей СМАЖ-ға тізбені, сондай-ақ тыңайтқыштардың тиісті түрлеріне ұсынылған келесі жылға арналған баға ұсыныстары (прайс-парақтар) негізінде осы Қағидалардың 68-тармағының екінші бөлігіне сәйкес тыңайтқыштарға арналған субсидиялардың нормаларын енгізеді.

Ескерту. Қағидалар 64-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 04.06.2025 № 190 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-параграф. Субсидия алушылар

65. Субсидия сатып алынған тыңайтқыштарға (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) жұмсалған шығындарды өтеу үшін ауылшартауарынөндірушілерге немесе ауылшаркооперативтеріне төленеді.

3-параграф. Субсидияларды алу шарттары

66. Субсидиялар мынадай шарттар сақталған жағдайда төленеді:

1) ауылшартауарынөндірушінің (ауылшаркооперативінің) "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы электрондық түрде осы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес нысан

бойынша толық құны сатып алынған тыңайтқыштар үшін субсидиялар алуға арналған өтінім беруі.

Тыңайтқышты шарт негізінде тыңайтқыштарды өндірушіден арзандатылған құны бойынша сатып алған кезде, ауылшартауарынөндіруші (ауылшаркооперативі) " электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы электронды түрде осы Қағидаларға 19-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өзіне тиесілі субсидияларды төлеу туралы өтпелі өтінім береді.

Мұндай жағдайда, субсидиялар тыңайтқыштарды өндірушіге тыңайтқыштарды өндіруші күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей нақты өткізілген тыңайтқыштар жөніндегі мәліметтерді өтпелі өтінімге енгізген жағдайда, осы Қағидалардың 75-тармағына сәйкес төленеді.

Тыңайтқыштарды өндіруші өтпелі өтінімге нақты өткізілген тыңайтқыштар жөніндегі мәліметтерді белгіленген мерзімде уақтылы енгізбеген жағдайда, ауылшартауарынөндіруші (ауылшаркооперативі) өтпелі өтінімді қайта береді.

Бұл ретте, СМАЖ-да осы Қағидалардың 66-тармағы 1) тармақшасының үшінші және төртінші бөліктерінде белгіленген мерзімдерде тыңайтқыштар өткізілмеген ауылшартауарынөндірушілердің (ауылшаркооперативтерінің) тізімі қалыптастырылады ;

2) ауылшартауарынөндіруші (ауылшаркооперативі) берген және ЭЦҚ-сы қойылған өтінімнің (өтпелі өтінімнің) СМАЖ-да тіркелуі;

3) СМАЖ-да ауылшартауарынөндірушіде (ауылшаркооперативінде) деректері СМАЖ-дың "Занды тұлғалар" немесе "Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқорларымен өзара ақпараттық іс-қимылы нәтижесінде расталған жеке шотының болуы. Бұл ретте өтпелі өтінім үшін тыңайтқыш өндірушінің СМАЖ-да жеке шоты болуы қажет;

4) СМАЖ бен ЭШФ АЖ-ның өзара ақпараттық іс-қимылы нәтижесінде ауылшартауарынөндірушінің (ауылшаркооперативі) сатып алынған тыңайтқыштарға жұмсаған шығындарының расталуы.

Ауылшартауарынөндіруші (ауылшаркооперативі) тыңайтқыштарды ЭШФ АЖ-ны пайдаланбайтын шетелдік тыңайтқыштар өндірушіден тікелей сатып алған жағдайда, тыңайтқыштарды сатып алуға жұмсалған шығындар тауарларға арналған кедендік декларациядан алынған мәліметтермен (Еуразиялық экономикалық одаққа кірмейтін елдерден тыңайтқыш сатып алған ауылшартауарынөндіруші немесе ауылшаркооперативі үшін) немесе тауардың Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағынан әкелінгенін растайтын Кодекстің 530-бабының 2-тармағына сәйкес салық органының тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтінішімен (өтініштерімен) расталады.

Өңдеуші кәсіпорын тыңайтқыштарды, кейіннен ауылшартауарынөндірушілерінің (ауылшаркооперативтерінің) пайдалануына сатып алған жағдайда, сатып алынған тыңайтқыштар үшін шығындарды (өтінім беру сәтінде) өңдеуші кәсіпорын растайды.

Бұл ретте ауылшартауарынөндіруші (ауылшаркооперативі) және өңдеуші кәсіпорын, тыңайтқышты сатушы арасындағы шарттың көшірмесін қоса бере отырып өтінім берген ауылшартауарынөндіруші (ауылшаркооперативі) субсидия алушы болып табылады;

5) ауылшартауарөндірушіде (ауылшаркооперативінде) СМАЖ-дың жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрының ақпараттық жүйесімен өзара ақпараттық іс-қимылы нәтижесінде расталған, тиісті алаңда жер пайдалану және (немесе) жеке меншік құқығында ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің болуы (республикалық маңызы бар қалалардың аумағында орналасқан жағдайда – елді мекендердің ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерінің болуы кезінде).

Өндірістік жылыжай кешенінде немесе фермерлік жылыжайда ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру кезінде ауылшартауарөндірушіде (ауылшаркооперативінде) жер пайдалану және (немесе) жеке меншік құқығында ауыл шаруашылығы мақсатындағы, елді мекендер немесе өнеркәсіп жерлерінде орналасқан, тиісті алаңда жер пайдалану және (немесе) жеке меншік құқығындағы жер учаскелерінің болуы. Жылыжай кешендерінің тізбесін (кадастрлық нөмірі мен жылыжайдың жұмыс алаңы көрсетілген) СМАЖ-ға Басқарма орналастырады.

Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес бірлескен шаруашылық қызмет туралы шарт негізінде әрекет ететін ауылшартауарөндіруші өтінім (өтпелі өтінім) берген жағдайда, жер пайдалану және (немесе) жеке меншік құқығында ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің болуы туралы талап осындай жер учаскелері бар бірлескен шаруашылық қызмет туралы шартқа қатысушыға қатысты қолданылады. Бұл ретте бірлескен шаруашылық қызмет туралы шарттың көшірмесін қоса бере отырып, өтінім (өтпелі өтінім) берген ауылшартауарөндіруші субсидия алушы болып табылады.

Мүшелеріне жер учаскелері тіркелген ауылшаркооперативі мынадай жағдайларда субсидияға өтінім (өтпелі өтінім) береді:

ауылшаркооперативінің мүшелері тыңайтқыш сатып алғанда, бұл ретте ауылшаркооперативі мүшелері субсидия алушылар болып табылады;

ауылшаркооперативі тыңайтқыш сатып алғанда, бұл ретте ауылшаркооперативі субсидия алушы болып табылады.

Бұл ретте ауылшаркооперативіне мүшелік ауылшаркооперативі мүшелерінің жалпы жиналысының ауылшаркооперативінің мүшелеріне қабылдау туралы шешімінен үзінді-көшірменің электрондық көшірмесін өтінімге қоса тіркеу жолымен расталады.

Бірлескен кәсіпкерлік түрінде ұйымдасқан, мүшелеріне жер учаскесі тіркелген шаруа немесе фермерлік қожалық субсидияға өтінімді (өтпелі өтінімді) шаруа немесе фермерлік қожалықтар тыңайтқыш сатып алған жағдайда береді, бұл ретте шаруа немесе фермерлік қожалық субсидия алушы болып табылады.

Шаруа немесе фермерлік қожалыққа мүшелік Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетінің деректерімен салыстырып-тексеру жолымен расталады.

Лизинг берушіге жер учаскелеріне жер пайдалану және (немесе) жеке меншік құқығын беруді көздейтін дайын объектінің лизингі жағдайында, ауылшартауарөндіруші (ауылшаркооперативі) лизинг беруші растайтын жер учаскелерінің деректемелерін көрсетеді;

б) соңғы екі жылдағы (ағымдағы және алдыңғы жылдары) ауыспалы егіс туралы мәліметтің болуы.

Ескерту. 66-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 26.01.2026 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-1-параграф. Субсидияларды аванстық төлеммен алу шарттары

Ескерту. 4-тарау 3-1-параграфпен толықтырылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 07.03.2024 № 90 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

66-1. Ауылшартауарөндіруші (ауылшаркооперативі) тыңайтқышты аванстық субсидиялау тетігін қолдана отырып, тыңайтқыш өндірушіден арзандатылған құны бойынша жоспарлап сатып алған жағдайда, тыңайтқыш өндірушінің екінші деңгейлі банктегі субсидиялар көлемі аударылатын арнайы шотына (бұдан әрі – арнайы шот) тыңайтқыш өндірушіге субсидияларды аванстық төлеммен аудару жүзеге асырылады. Бұл ретте, тыңайтқыштарды өндіруші осы Қағидалардың 66-тармағының 4) тармақшасында көзделген шарттарды орындаған сәтке дейін арнайы шоттан қаражатты үшінші тұлғалар шешіп алмауы тиіс.

Ескерту. 66-1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 28.06.2024 № 226 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

66-2. Арнайы шотқа субсидиялар алу үшін тыңайтқыш өндіруші тыңайтқыштарды арзандатылған құны бойынша ай сайынғы өткізу көлемін белгілейтін тиісті жылға арналған жоспар (бұдан әрі – тыңайтқыштарды өткізу жоспары) жасайды.

Тыңайтқыш өндіруші ағымдағы жылдың 1 желтоқсанына дейін келесі жылға СМАЖ арқылы Басқармаға қосылған құн салығын есепке алмай бағаларды көрсете отырып, тыңайтқыштарды өткізу жоспарын жібереді. Бұл ретте, 2024 жылы субсидиялау үшін тыңайтқыш өндіруші Басқармаға тыңайтқыштарды өткізу жоспарын 2024 жылғы 1 сәуірге дейін жібереді.

Басқарма қаржыландыру жоспарын тыңайтқыштарды өткізу жоспарын ескере отырып қалыптастырады. Қаржыландыру жоспарына өзгерістер бекітілгеннен және (немесе) кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде Басқарма тыңайтқыш өндірушінің Жеке

кабинетіне ағымдағы жылы арнайы шотқа аудару жоспарланып отырған бюджет қаражатының көлемдері туралы хабарлама жібереді. Арнайы шотқа субсидияларды аудару ай сайын тыңайтқыш өндіруші растаған ақпарат негізінде СМАЖ-да қалыптастырылған төлем шоты негізінде жүргізіледі. Арнайы шотқа субсидияларды аудару тиісті айға Қаржыландыру жоспарында көзделген қаражаттың 60 (алпыс) пайызынан аспайтын көлемде, көзделген қаражаттың 40 (қырық) пайызынан асатын сомаға аванстық субсидиялау тетігін қолданбай өтінімдер (өтпелі өтінімдері) келіп түскен жағдайда жүргізіледі.

Басқарма бекітілген Қаржыландыру жоспарына сәйкес тыңайтқыш өндірушіге тыңайтқыш құнының 60 (алпыс) пайызы мөлшерінде аванстық төлеммен субсидиялар аударуды жүзеге асырады.

Ескерту. 66-2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 20.06.2024 № 208 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

66-3. Ауылшартауарөндіруші (ауылшаркооперативі) "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы осы Қағидаларға 19-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тыңайтқыштарды отандық тыңайтқыш өндірушіден арзандатылған құны бойынша сатып алу кезінде тиесілі субсидияларға ақы төлеу туралы өтпелі өтінімді электрондық түрде береді.

Өтпелі өтінімдерді қабылдау ағымдағы жылы сатып алынған тыңайтқыштар үшін тиісті жылдың 1 ақпанынан 1 қазанына дейін жер учаскесінің орналасқан жері бойынша жүзеге асырылады.

Өтпелі өтінімдер бойынша субсидияларды есептеу және төлеу осы Қағидалардың 67, 68, 72, 73, 74 және 75-тармақтарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Ескерту. 66-3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 04.06.2025 № 190 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

66-4. Тыңайтқыштарды өндіруші осы Қағидалардың 66-тармағының 4) тармақшасында көзделген шартты орындағаннан кейін арнайы шоттағы қаражатты пайдаланады. Бұл ретте, өтпелі өтінімді Басқарма растағаннан кейін тыңайтқыш өндірушінің Жеке кабинетіне арнайы шоттан қаражат алу үшін электрондық хабарлама жіберіледі.

Тыңайтқыштарды өндіруші осы Қағидаларға 19-2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша күнтізбелік отыз күн ішінде нақты өткізілген тыңайтқыштар бойынша мәліметтерді өтпелі өтінімге енгізуді қамтамасыз ету бойынша міндеттемені қабылдаған кезде арнайы шоттағы қаражатты пайдалануға жол беріледі. Бұл ретте, қаражат тыңайтқыштарды өндіру мақсаттары үшін ғана оларды ауылшартауарөндірушілерге (ауылшаркооперативіне) одан әрі сата отырып пайдаланылуы мүмкін.

Тиісті жылдың 1 қарашасына арнайы шотта пайдаланылмаған қаражаттың қалдықтары болған кезде, сондай-ақ тыңайтқыш өндіруші қабылдаған міндеттемені орындамаған жағдайда, тыңайтқыш өндіруші оларды тиісті жылдың 10 қарашасына дейін Басқарманың шотына қайтарады.

Арнайы шотқа аударылған бюджет қаражаты толық игерілген жағдайда, аванстық субсидиялау тетігі шеңберінде өтпелі өтінімдерді қабылдау тоқтатылады. Мұндай жағдайда өтпелі өтінімдерді қабылдау осы Қағидалардың 71-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

Егер тыңайтқыш өндіруші нақты өткізілген тыңайтқыштар бойынша мәліметтерді өтпелі өтінімге енгізген сәтке дейін арнайы шоттағы бюджет қаражаты таусылса, онда ауылшартауарөндіруші (ауылшаркооперативі) өтпелі өтінімді кері қайтарып алады.

Ескерту. 66-4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 28.06.2024 № 226 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

66-5. Осы параграфтың нормалары тыңайтқыштар өндірудің толық циклі бар тыңайтқыштар өндірушілерге қолданылады.

Ескерту. 66-5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 20.06.2024 № 208 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4-параграф. Субсидияларды есептеу тәртібі

67. Субсидиялар ауылшартауарөндіруші (ауылшаркооперативі) мәлімдеген тыңайтқыштардың түрлері мен көлеміне (өтінімдерде көрсетілген егіс алаңына ауыл шаруашылығы дақылдарының топтары бойынша тыңайтқыштарды енгізудің шекті нормаларын ескере отырып), тыңайтқыштар тізбесі мен субсидиялар нормаларына сүйене отырып, мынадай формула бойынша есептеледі:

$$C = Ne \times S \times Nc,$$

мұнда:

C – тиесілі субсидиялар сомасы, теңге;

Ne – субсидияларды есептеу үшін СМАЖ-да орналастырылған, 1 гектарға тыңайтқыш енгізудің шекті нормасы (физикалық салмақта тонна/гектар, килограмм/гектар, литр/гектар);

S – тыңайтқышты қолдану алаңы, гектар (аталған алаң осы ауылшартауарөндірушіге (ауылшаркооперативіне) жер пайдалану және (немесе) жеке меншік құқығында тиесілі ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің алаңынан аспайды);

Nc – тыңайтқышқа арналған субсидиялар нормасы, теңге (осы Қағидалардың 68-тармағына сәйкес айқындалады).

Тыңайтқыштарды енгізу нормаларынан төмен сатып алған кезде субсидиялар нақты сатып алынған тыңайтқыштар бойынша есептеледі, тыңайтқыштар енгізу нормаларынан асқан жағдайда, субсидиялар белгіленген тыңайтқыштар енгізу нормалары бойынша есептеледі.

Ауыл шаруашылығы дақылдарының топтары бойынша тыңайтқыштар енгізудің шекті нормаларын Басқарма СМАЖ-да Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің "Агрохимиялық қызметтің республикалық ғылыми-әдістемелік орталығы" республикалық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – РММ) қорытындылары негізінде орналастырады. РММ қорытындысы болмаған жағдайда, тыңайтқыштарды енгізудің шекті нормаларын есептеу ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет саласында аккредиттелген және Қазақстан Республикасының резиденттері болып табылатын, аграрлық бейіндегі ғылыми ұйымдардың бірінің деректері негізінде пайдаланылады.

Ескерту. 67-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 07.03.2024 № 90 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

68. Аванстық субсидиялау тетігін қоспағанда және тыңайтқыштар өндірудің толық циклі бар тыңайтқыштар өндірушілерден сатып алғанда, тыңайтқыштарға арналған субсидиялар нормалары тыңайтқыштарға қосылған құн салығы есепке алынбай, тыңайтқыштардың ең төменгі нарықтық құнының жартысына сәйкес келетін мөлшерде абсолютті мәнде (теңге) белгіленеді.

Аванстық субсидиялау тетігін қолдану кезінде тыңайтқыштарға арналған субсидиялар нормасы және тыңайтқыштар өндірудің толық циклі бар тыңайтқыштар өндірушілерден сатып алғанда, қосылған құн салығын есепке алмағанда, нақты сатып алынған тыңайтқыштар құнының 60 (алпыс) пайызын құрайды.

Ескерту. 68-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 20.06.2024 № 208 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

69. Ауылшартауарынөндіруші (ауылшаркооперативі) құны субсидиялар нормасы есептелген тыңайтқыштың құнынан төмен болатын тыңайтқышқа өтінім (өтпелі өтінім) берген жағдайда, субсидияларды есептеу нақты сатып алынған тыңайтқыш құнынан жүргізіледі.

Ауылшартауарынөндіруші (ауылшаркооперативі) құны субсидиялар нормасы есептелген тыңайтқыштың құнынан жоғары болатын тыңайтқышқа өтінім (өтпелі өтінім) берген жағдайда, субсидиялар ЖАО органы қаулысымен бекітілген субсидиялар нормасы есептелген тыңайтқыш құны бойынша төленеді.

70. Сатушы өткізетін тыңайтқыштар құнына буып-түю, таңбалау бойынша шығыстар, қосылған құн салығы, республиканың тиісті өңіріндегі межелі (босату) пунктке дейінгі көлік шығыстары кіреді.

5-параграф. Субсидияларды төлеу тәртібі

71. Өтінімдерді (өтпелі өтінімдерді) қабылдау жер учаскесінің орналасқан жері бойынша ағымдағы жылы және өткен жылдың 4 (төртінші) тоқсанында сатып алынған тыңайтқыштар үшін тиісті жылдың 1 ақпанынан 1 желтоқсанына дейін жүзеге асырылады.

ЖАО өтінімдерді (өтпелі өтінімдерді) қабылдау басталғанға дейін күнтізбелік он төрт күн бұрын, оның ішінде қосымша қаражат бөлу кезінде ЖАО-ның ресми интернет-ресурсында және СМАЖ-да өтінімдерді (өтпелі өтінімдерді) қабылдаудың басталған күні туралы хабарландыру орналастырады.

Ескерту. 71-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 26.01.2026 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

72. Жеке кабинетте тізілімнің деректеріне қол жеткізуді ұсыну үшін:

1) ауылшартауарынөндірушілерде (ауылшаркооперативтерінде) және тыңайтқыштарды өндірушілерде ЭЦҚ болуы тиіс;

2) Басқарма жыл сайын Министрлікке ЭЦҚ-сы бар жұмыскерлердің өзектендірілген тізімін жолдайды.

73. Жеке кабинетте тіркелу үшін ауылшартауарынөндіруші (ауылшаркооперативі) және тыңайтқыштарды өндіруші мынадай мәліметтерді көрсетеді:

1) дара кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлғалар үшін: ЖСН-сы, аты, әкесінің аты (бар болса) тегі;

2) заңды тұлғалар және бірлескен кәсіпкерлік нысанындағы дара кәсіпкерлер үшін: БСН, толық атауы; бірінші басшының аты, әкесінің аты (бар болса), тегі және ЖСН-ы;

3) байланыс деректері (почталық мекенжайы, телефоны, электрондық почтасының мекенжайы);

4) екінші деңгейдегі банктің немесе почтаның ұлттық операторының ағымдағы шотының деректемелері.

Жоғарыда көрсетілген деректер өзгертілген жағдайда, ауылшартауарынөндіруші (ауылшаркооперативі) және тыңайтқыштарды өндіруші бір жұмыс күні ішінде Жеке кабинетке енгізілген жеке шоттың деректерін өзгертеді.

Ескерту. 73-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 28.09.2023 № 342 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

74. Өтінімді (өтпелі өтінімді) қалыптастыру мен тіркеу Жеке кабинетте мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1) осы Қағидалардың 66-тармағының 4), 5) тармақшаларының талаптарын СМАЖ-бен тексеру үшін оған қажетті мәліметтер енгізіле отырып, өтінім не осы

Қағидалардың 66-тармағының 5) тармақшасының талаптарын СМАЖ-бен тексеру үшін оған қажетті мәліметтер енгізіле отырып, өтпелі өтінім қалыптастырылады;

2) өтінім (өтпелі өтінім) СМАЖ-да ауылшартауарөндірушінің, ауылшаркооперативінің ЭЦҚ-сын қою арқылы тіркеледі және Басқарманың Жеке кабинетінде қолжетімді болады. Басқарманың электрондық мекенжайына өтінімнің (өтпелі өтінімнің) қарауға келіп түскені туралы электрондық хабарлама жіберіледі.

Егер Басқарманың төлем шоттарын қалыптастыру сәтіне дейін тіркелген өтінімде деректер сәйкессіздігінің бар екені анықталса, ауылшартауарөндірушінің (ауылшаркооперативінің) себебін көрсете отырып, өтінімді кері қайтарып алуға мүмкіндігі болады. Бұл ретте, өтпелі өтінімдерді кері қайтарып алуға жол берілмейді.

Бұл ретте, төлем шоттары қалыптастырылғаннан кейін деректердің сәйкессіздігі анықталған жағдайда, субсидиялар төленген сәтке дейін Басқарманың қайтару себебін (уәжді бас тарту) көрсете отырып, өтінімді қайтаруға мүмкіндігі бар.

Ескерту. 74-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 28.09.2023 № 342 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

75. Басқарма өтінім (өтпелі өтінім) тіркелген сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде ЭЦҚ-ны пайдалана отырып тиісті хабарламаға қол қою жолымен оның қабылданғанын растайды не уәжді бас тартады. Бұл ретте, өтінімді (өтпелі өтінімді) растау туралы хабарлама не осы ұсынудан уәжді бас тарту электрондық құжат нысанында ауылшартауарөндірушінің (ауылшаркооперативінің) СМАЖ-дағы Жеке кабинетіне жіберіледі.

Бұл ретте, өтпелі өтінімнің қабылданғаны туралы хабарлама тыңайтқыштарды өндірушінің Жеке кабинетінде қолжетімді болады. Тыңайтқыштарды өндіруші осы Қағидалардың 66-тармағы 4) тармақшасының талаптарын орындау үшін нақты өткізілген тыңайтқыштар жөніндегі мәліметтерді тізілімге енгізеді.

Тыңайтқыштарды өндіруші өтпелі өтінімге нақты өткізілген тыңайтқыштар жөніндегі мәліметтерді осы Қағидалардың 66-тармағының 1) тармақшасында белгіленген мерзімде уақтылы енгізбеген жағдайда, өтпелі өтінім жойылады. Бұл ретте, ауылшартауарөндірушінің (ауылшаркооперативінің) Жеке кабинетінде өтпелі өтінімнің жойылғаны туралы хабарлама қолжетімді болады.

76. Басқарма тыңайтқыштардың құнын субсидиялау жөніндегі жеке ай сайынғы қаржыландыру жоспарына сәйкес СМАЖ-да "Қазынашылық-Клиент" ақпараттық жүйесіне жүктелетін субсидиялар төлеуге арналған төлем шотын:

Басқарма осы Қағидалардың 75-тармағына сәйкес өтінімді қабылданғанын растағаннан кейін;

осы Қағидалардың 66-тармағы 4) тармақшасының талаптарына сәйкес тыңайтқыштарды өндіруші нақты өткізілген тыңайтқыштар жөніндегі мәліметтерді тізілімге енгізгеннен кейін екі жұмыс күні ішінде қалыптастырады.

Бұл ретте, субсидиялардың аударылғаны туралы хабарлама электрондық құжат нысанында ауылшартауарынөндірушінің (ауылшаркооперативінің) Жеке кабинетіне жіберіледі.

5-бөлім. Саны зиян тигізудің экономикалық шегінен жоғары зиянды және аса қауіпті зиянды организмдерге және карантиндік объектілерге қарсы өңдеулер жүргізуге арналған пестицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) құнын субсидиялау

1-параграф. Негізгі ережелері

77. Пестицидтерді өндірушілердің және олар өндіретін өнімдердің тізбесін өнеркәсіп саласындағы уәкілетті орган Министрлікке және ЖАО-ға кейінгі жылға ағымдағы жылдың 1 желтоқсанынан кешіктірмей және тиісті жылдың 1 маусымынан кешіктірмей ұсынады.

Бұл ретте, оны алғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде пестицидтерді өндірушілердің тізбесін Министрлік өзінің ресми интернет-ресурсында және СМАЖ-да, ЖАО – ресми интернет-ресурсында орналастырады.

ЖАО кейінгі жылға ағымдағы жылдың 1 желтоқсанынан және тиісті жылдың 1 маусымынан кешіктірмей биоагенттерді (энтомофагтарды) өндірушілердің тізбесін, сондай-ақ пестицидтерді, биоагенттерді (энтомофагтарды) жеткізушілердің тізбесін қалыптастырады және үш жұмыс күні ішінде ЖАО-ның ресми интернет-ресурсында және веб-порталда орналастырады.

Ескерту. 77-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 26.01.2026 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

78. Ауылшартауарынөндіруші (ауылшаркооперативі) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 29 маусымдағы № 15-02/584 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11913 болып тіркелген) бекітілген Фитосанитариялық есепке алу нысандарын ұсыну қағидаларына сәйкес фитосанитариялық есептілікті уақтылы және дұрыс ұсынуы, сондай-ақ "Өсімдіктерді қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Өсімдіктерді қорғау туралы заң) 14-5-бабының 1) тармақшасына сәйкес фитосанитариялық мониторинг пен фитосанитариялық іс-шараларды жүргізу және саны зиян тигізудің экономикалық шегінен жоғары зиянды және аса қауіпті зиянды организмдердің дамуы мен таралуына жол бермеуі қажет.

79. Қазақстан Республикасы аумағында қолдануға рұқсат етілген субсидиялар нормасын есептеу үшін дақыл (өңделетін объект) және оларды қолдану регламенті туралы ақпаратты ескере отырып, пестицидтердің тізбесі Өсімдіктерді қорғау туралы

заңның 6-бабы 9) тармақшасында көзделген тәртіппен бекітілетін Қазақстан Республикасы аумағында қолдануға рұқсат етілген пестицидтердің тізіміне (бұдан әрі – Пестицидтердің тізімі) сәйкес айқындалады.

Пестицидтердің тізімін, сондай-ақ жаңадан тіркелген пестицидтер туралы ақпаратты Министрліктің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті (бұдан әрі – Комитет) тиісті бұйрықпен бекітілгеннен кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде Басқармаға ұсынады. Пестицидтер тізімін Комитет – СМАЖ-да, ЖАО – ЖАО-ның ресми интернет-ресурсында орналастырады.

80. Пестицидтер тізіміне сәйкес тіркеуші (өтінім беруші), сондай-ақ биоагенттерді (энтомофагтарды) жеткізуші кейінгі жылға ағымдағы жылдың 1 желтоқсанынан кешіктірмей және тиісті жылдың 1 шілдесінен кешіктірмей ЖАО-ға пестицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) тиісті түрлеріне баға ұсыныстарын (прайс-парақтарды) ұсынады.

Басқарма республика бойынша пестицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) ең төменгі құнын айқындау үшін тиісті өңірдегі Пестицидтер тізіміндегі пестицидтердің (эсер етуші заттардың құрамы мен концентрациясын көрсете отырып), биоагенттердің (энтомофагтардың) бағаларын тиісті жылдың 1 қаңтарына және 1 тамызына дейін СМАЖ-ға енгізеді.

Пестицидтерге, биоагенттерге (энтомофагтарға) арналған субсидиялардың тізбесі мен нормалары ЖАО қаулысымен жыл сайын тиісті жылдың 1 сәуірінен кешіктірілмей бекітіледі және үш жұмыс күні ішінде СМАЖ-да және ЖАО-ның ресми интернет-ресурсында орналастырылады.

Пестицидтерге, биоагенттерге (энтомофагтарға) арналған субсидиялардың тізбесі мен нормаларына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуді көздейтін қаулы тиісті жылдың 1 қыркүйегінен кешіктірілмей бекітіледі.

Бұл ретте пестицидтерге, биоагенттерге (энтомофагтарға) арналған субсидиялар тізбесі мен нормалары:

Пестицидтердің тізімінде пестицидтердің болуы, сондай-ақ биоагенттерді (энтомофагтарды) жеткізушілер тізбесінде биоагенттердің (энтомофагтардың) болуы; субсидиялар нормаларын белгілеу үшін СМАЖ функционалын пайдалана отырып, пестицидтерге, биоагенттерге (энтомофагтарға) қалыптасқан бағаларды талдау негізінде қалыптастырылады.

Ескерту. 80-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 26.01.2026 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-параграф. Субсидиялар алушылар

81. Субсидиялар ауылшартауарынөндірушілерге немесе ауылшаркооперативтеріне саны зиян тигізудің экономикалық шегінен жоғары зиянды (арамшөптер, бидай трипсі,

шалғын көбелегі, карадина және жағалау шыбыны) және аса қауіпті зиянды организмдерге (өңдеу жөніндегі іс-шаралар бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын саяқ және үйірлі шегіртке тұқымдастарын қоспағанда) және карантиндік объектілерге (таралу ошақтарын оқшаулау және жою жөніндегі іс-шаралар бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын карантиндік объектілерді қоспағанда) қарсы өңдеулер жүргізуге арналған пестицидтерге, биоагенттерге (энтомофагтарға) жұмсалған шығындарды өтеу үшін төленеді.

3-параграф. Субсидиялар алу шарттары

82. Субсидиялар мынадай шарттар сақталған жағдайда төленеді:

1) ауылшартауарынөндірушінің (ауылшаркооперативінің) "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы электронды түрде осы Қағидаларға 20-қосымшаға сәйкес нысан бойынша толық құны бойынша сатып алынған пестицидтер, биоагенттер (энтомофагтар) үшін субсидиялар алуға арналған өтінім беруі.

Пестицидті, биоагентті (энтомофагты) шарт негізінде пестицидтерді, биоагенттерді (энтомофагтарды) өндірушіден арзандатылған құны бойынша сатып алған кезде, ауылшартауарынөндіруші (ауылшаркооперативі) "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы электронды түрде осы Қағидаларға 21-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өзіне тиесілі субсидияларды төлеу туралы өтпелі өтінім береді.

Мұндай жағдайда, субсидиялар пестицидтерді, биоагенттерді (энтомофагтарды) өндірушіге пестицидтерді, биоагенттерді (энтомофагтарды) өндіруші күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей нақты өткізілген пестицидтер, биоагенттер (энтомофагтар) жөніндегі мәліметтерді өтпелі өтінімге енгізген жағдайда, осы Қағидалардың 89-тармағына сәйкес төленеді.

Пестицидтерді, биоагенттерді (энтомофагтар) өндірушілер өтпелі өтінімге нақты өткізілген пестицидтер, биоагенттер (энтомофагтар) жөніндегі мәліметтерді белгіленген мерзімде уақтылы енгізбеген жағдайда, ауылшартауарынөндіруші (ауылшаркооперативі) өтпелі өтінімді қайта береді.

Бұл ретте, СМАЖ-да Қағидалардың тармағы 1) тармақшасының үшінші және төртінші бөліктерінде белгіленген мерзімдерде пестицидтер, биоагенттер (энтомофагтар) өткізілмеген ауылшартауарынөндірушілердің (ауылшаркооперативтерінің) тізімі қалыптастырылады;

2) ауылшартауарынөндіруші (ауылшаркооперативі) берген және ЭЦҚ-сы қойылған өтінімнің (өтпелі өтінімнің) СМАЖ-да тіркелуі;

3) СМАЖ-да ауылшартауарынөндірушіде (ауылшаркооперативінде) деректері СМАЖ-дың "Заңды тұлғалар" немесе "Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқорларымен өзара ақпараттық іс-қимылы нәтижесінде расталған жеке шотының болуы. Бұл ретте өтпелі өтінім үшін СМАЖ-да пестицидтерді, биоагенттерді (энтомофагтарды) өндірушінің жеке шоты болуы қажет;

4) СМАЖ бен электрондық шот-фактураларды қабылдау және өңдеу ақпараттық жүйесінің өзара ақпараттық іс-қимылы нәтижесінде ауылшартауарынөндірушінің (ауылшаркооперативінің) пестицидтерді, биоагенттерді (энтомофагтарды) өткізгенінің расталуы.

Ауылшартауарынөндіруші (ауылшаркооперативі) электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесін пайдаланбайтын шетелдік пестицидтер, биоагенттер (энтомофагтар) өндірушіден пестицидтерді, биоагенттерді (энтомофагтарды) тікелей сатып алған жағдайда, пестицидтерді, биоагенттерді (энтомофагтарды) сатып алуға жұмсалған шығындар кедендік декларацияның мәліметтерімен (Еуразиялық экономикалық одаққа кірмейтін елдерден пестицидтер, биоагенттер (энтомофагтар) сатып алған ауылшартауарынөндіруші немесе ауылшаркооперативі үшін) немесе тауардың Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағынан әкелінгенін растайтын Кодекстің 530-бабының 2-тармағына сәйкес салық органының белгісі қойыла отырып, тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтінішпен (өтініштермен) расталады.

Өңдеуші кәсіпорын пестицидтерді, биоагенттерді (энтомофагтарды), кейіннен ауылшартауарынөндірушілердің (ауылшаркооперативтерінің) пайдалануына сатып алған жағдайда, сатып алынған пестицидтер, биоагенттер (энтомофагтар) үшін шығындарды (өтінім беру сәтінде) өңдеуші кәсіпорын растайды. Бұл ретте ауылшартауарынөндіруші (ауылшаркооперативі) және өңдеуші кәсіпорын, пестицидтерді, биоагенттерді (энтомофагтарды) жеткізуші арасындағы шарттың көшірмесін қоса бере отырып өтінім берген ауылшартауарынөндіруші (ауылшаркооперативі) субсидия алушы болып табылады;

5) ауылшартауарөндірушіде (ауылшаркооперативінде) СМАЖ-дың жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрының ақпараттық жүйесімен өзара ақпараттық іс-қимылы нәтижесінде расталған, тиісті алаңда жер пайдалану және (немесе) жеке меншік құқығында ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің болуы (республикалық маңызы бар қалалардың аумағында орналасқан жағдайда – елді мекендердің ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерінің болуы кезінде).

Өндірістік жылыжай кешенінде немесе фермерлік жылыжайда ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру кезінде ауылшартауарөндірушіде (ауылшаркооперативінде) жер пайдалану және (немесе) жеке меншік құқығында ауыл шаруашылығы мақсатындағы, елді мекендер немесе өнеркәсіп жерлерінде орналасқан, тиісті алаңда жер пайдалану және (немесе) жеке меншік құқығындағы жер учаскелерінің болуы. Жылыжай кешендерінің тізбесін (кадастрлық нөмірі мен жылыжайдың жұмыс алаңы көрсетілген) СМАЖ-ға Басқарма орналастырады.

Жер пайдалану және (немесе) жеке меншік құқығында ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің болуы туралы талап Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес бірлескен шаруашылық қызмет туралы шарт негізінде

әрекет ететін ауылшартауарөндіруші өтінім (өтпелі өтінім) берген жағдайда, осындай жер учаскелері бар бірлескен шаруашылық қызмет туралы шартқа қатысушыға қатысты қолданылады. Бұл ретте бірлескен шаруашылық қызмет туралы шарттың көшірмесін қоса бере отырып, өтінім (өтпелі өтінім) берген ауылшартауарөндіруші субсидия алушы болып табылады.

Мүшелеріне жер учаскелері тіркелген ауылшаркооперативі мынадай жағдайларда субсидияға өтінім (өтпелі өтінім) береді:

ауылшаркооперативінің мүшелері пестицидтер, биоагенттер (энтомофагтар) сатып алған кезде, бұл ретте ауылшаркооператив мүшелері субсидия алушылар болып табылады;

ауылшаркооперативі пестицидтер, биоагенттер (энтомофагтар) сатып алған кезде, бұл ретте ауылшаркооперативі субсидия алушы болып табылады.

Бұл ретте ауылшаркооперативіне мүшелік ауылшаркооперативі мүшелерінің жалпы жиналысының ауылшаркооперативінің мүшелеріне қабылдау туралы шешімінен үзінді-көшірменің электрондық көшірмесін өтінімге қоса тіркеу жолымен расталады.

Бірлескен кәсіпкерлік түрінде ұйымдасқан, мүшелеріне жер учаскесі тіркелген шаруа немесе фермер қожалығы субсидияға өтінімді (өтпелі өтінімді) шаруа немесе фермер қожалығы пестицидтер, биоагенттер (энтомофагтар) сатып алған кезде береді, бұл ретте шаруа немесе фермер қожалығы субсидия алушы болып табылады.

Шаруа немесе фермер қожалығына мүшелік Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетінің деректерімен салыстырып-тексеру жолымен расталады;

Лизинг берушіге жер учаскелерінің жер пайдалану және (немесе) жеке меншік құқығын беруді көздейтін дайын объектінің лизингі жағдайында ауылшартауарөндіруші (ауылшаркооперативі) лизинг беруші растайтын жер учаскелерінің деректемелерін көрсетеді;

б) соңғы екі жылдағы (ағымдағы және алдыңғы жылдары) ауыспалы егіс туралы мәліметтің болуы.

Ескерту. 82-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 26.01.2026 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4-параграф. Субсидияларды есептеу тәртібі

83. Субсидиялар ауылшартауарынөндіруші өтінім берген пестицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) түрлеріне және көлемдеріне сүйене отырып, мынадай формула бойынша есептеледі:

$$C = N_{ш} \times S \times N_c,$$

мұндағы:

C – тиесілі субсидиялар сомасы, теңге;

Нш – пестицидтің 1 гектарға (литр/гектар, килограмм/гектар) арналған шығыс нормасы (Пестицидтер тізімінде көрсетілген қолдану регламентін ескере отырып) немесе биоагенттің (энтомофагтың) 1 гектарға (грамм/гектар, дана/гектар) арналған шығыс нормасы) (веб-порталда орналастырылған ғылыми негізделген қолдану нормаларын ескере отырып);

S – саны зиян тигізудің экономикалық шегінен жоғары зиянды (арамшөптер, бидай трипсі, шалғын көбелегі, карадина және жағалау шыбыны) және аса қауіпті зиянды организмдерге (өңдеу жөніндегі іс-шаралар бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын саяқ және үйірлі шегіртке тұқымдастарын қоспағанда) және карантиндік объектілерге (таралу ошақтарын оқшаулау және жою жөніндегі іс-шаралар бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын карантиндік объектілерді қоспағанда) қарсы өңдеу жүргізуге арналған пестицидтің, биоагенттің (энтомофагтың) белгілі бір түрін қолдану алаңы (гектар) (бұл алаң ауылшартауарынөндірушіге жер пайдалану және (немесе) жеке меншік құқығында тиесілі ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің алаңынан аспайды);

Нс – пестицид, биоагент (энтомофаг) субсидиясының нормасы (осы Қағидалардың 84-тармағына сәйкес айқындалады).

Ауылшартауарынөндіруші (ауылшаркооперативі) құны субсидиялар нормасы есептелген пестицидтің, биоагенттің (энтомофагтың) құнынан төмен болатын пестицидке, биоагентке (энтомофагқа) өтінім немесе өтпелі өтінім берген жағдайда, субсидияларды есептеу нақты сатып алынған пестицид, биоагент (энтомофаг) құнынан жүргізіледі.

Ауылшартауарынөндіруші (ауылшаркооперативі) құны субсидиялар нормасы есептелген пестицидтің, биоагенттің (энтомофагтың) құнынан жоғары болатын пестицидке, биоагентке (энтомофагқа) өтінім немесе өтпелі өтінім берген жағдайда, субсидиялар бекітілген субсидиялар нормасы есептелген пестицид, биоагент (энтомофаг) құны бойынша төленеді.

84. Пестицидтің (биопрепаратты қоспағанда) 1 литріне (килограммына) арналған субсидиялар нормасы олардың құрамы мен әсер етуші зат(тар)ының концентрациясына байланысты абсолютті мәнде (теңге) белгіленеді. Құрамы мен әсер етуші зат(тар)ының концентрациясы (5% аспайтын ауытқуға жол беріледі) бойынша аналог(тар)ы бар пестицид (биопрепаратты қоспағанда) үшін 1 литрге (килограмға) арналған субсидиялар нормасы пестицидтің (биопрепаратты қоспағанда) немесе аналог(тар)дың ең төменгі құнының жартысын құрайды. Құрамы мен әсер етуші зат(тар)ының концентрациясы бойынша аналог(тар)ы жоқ пестицид (биопрепаратты қоспағанда) үшін 1 литрге (килограмға) арналған субсидиялар нормасы тиісті пестицидтің (биопрепаратты қоспағанда) ең төменгі құнының жартысын құрайды.

Бұл ретте, пестицидтерді өндірушіден пестицидті сатып алу кезінде пестицидтің 1 литріне (килограмына) (биопрепаратты қоспағанда) субсидиялар нормасы пестицидтің немесе аналогтың ең төменгі құнының 60 (алпыс) пайызын құрайды.

Сатып алынған биопрепараттардың, биоагенттердің (энтомофагтардың) 1 грамына (данасына, литріне, килограмына) арналған субсидиялар нормасы абсолюттік мәнде (теңге) тиісті биопрепараттың, биоагенттің (энтомофагтардың) ең төменгі құнының 40 (қырық) пайызы көлемінде белгіленеді.

Пестицидтерге, биоагенттерге (энтомофагтарға) субсидиялар нормалары қосылған құн салығы ескерілмей белгіленеді.

Ескерту. 84-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 26.01.2026 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5-параграф. Субсидияларды төлеу тәртібі

85. Ағымдағы жылы және өткен жылдың 4 (төртінші) тоқсанында сатып алынған пестицидтер, биоагенттер (энтомофагтар) үшін өтінімдерді (өтпелі өтінімдерді) қабылдау жер учаскесінің орналасқан жері бойынша тиісті жылдың 1 сәуірі мен 1 желтоқсаны аралығында жүзеге асырылады.

ЖАО өтінімдерді (өтпелі өтінімдерді) қабылдау басталғанға дейін күнтізбелік он төрт күн бұрын, оның ішінде қосымша қаражат бөлу кезінде ЖАО-ның ресми интернет-ресурсында және СМАЖ-да өтінімдерді (өтпелі өтінімдерді) қабылдаудың басталған күні туралы хабарландыру орналастырады.

Ескерту. 85-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 26.01.2026 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

86. Жеке кабинетте тізілімнің деректеріне қолжетімділікті ұсыну үшін:

- 1) ауылшартауарынөндірушілерде (ауылшаркооперативтерінде) және пестицидтерді, биоагенттерді (энтомофагтарды) өндірушілерде ЭЦҚ болуы тиіс;
- 2) Басқарма жыл сайын Министрлікке ЭЦҚ-сы бар жұмыскерлердің өзектендірілген тізімін жібереді.

87. Жеке кабинетте тіркелу үшін ауылшартауарынөндіруші (ауылшаркооперативі), сондай-ақ пестицидтерді, биоагенттерді (энтомофагтарды) өндіруші мынадай мәліметтерді көрсетеді:

1) дара кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлғалар үшін: ЖСН-сы, аты, әкесінің аты (бар болса), тегі;

2) заңды тұлғалар және бірлескен кәсіпкерлік түрінде дара кәсіпкерлер үшін: БСН, толық атауы; бірінші басшының аты, әкесінің аты (бар болса) мен тегі және ЖСН-ны;

3) байланыс деректері (почталық мекенжайы, телефоны, электрондық почтаның мекенжайы);

4) екінші деңгейдегі банктегі банктік шотының деректемелері;

Жоғарыда көрсетілген деректер өзгерген жағдайда ауылшартауарынөндіруші (ауылшаркооперативі), сондай-ақ пестицидтерді, биоагенттерді (энтомофагтарды) өндіруші бір жұмыс күні ішінде Жеке кабинетке енгізілген жеке шоттың деректерін өзгертеді.

Ескерту. 87-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 28.09.2023 № 342 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

88. Ауылшартауарөндіруші (ауылшаркооперативі) өтінімді немесе өтпелі өтінімді қалыптастыру мен тіркеуді Жеке кабинетте мынадай тәртіппен жүргізеді:

1) осы Қағидалардың 82-тармағы 4), 5) тармақшаларының талаптарын СМАЖ-бен тексеру үшін қажетті мәліметтер енгізіле отырып, өтінім (не осы Қағидалардың 82-тармағының 5) тармақшасының талаптарын СМАЖ-бен тексеру үшін оған қажетті мәліметтер енгізіле отырып, өтпелі өтінім) қалыптастырылады;

2) өтінім немесе өтпелі өтінім СМАЖ-да ауылшартауарөндірушінің оған ЭЦҚ-сын қою арқылы тіркеледі және Басқарманың Жеке кабинетінде қолжетімді болады. Веб-порталда көрсетілген Басқарманың электрондық мекенжайына қарастыруға өтінімнің немесе өтпелі өтінімнің келіп түскені туралы электрондық хабарлама жолданады.

Егер Басқарма төлем шоттарын қалыптастырған сәтке дейін тіркелген өтінімде деректер сәйкессіздігінің бар екені анықталса, ауылшартауарөндірушінің (ауылшаркооперативінің) себебін көрсете отырып, өтінімді кері қайтарып алуға мүмкіндігі болады.

Бұл ретте, төлем шоттары қалыптастырылғаннан кейін деректердің сәйкессіздігі анықталған жағдайда, субсидиялар төленген сәтке дейін Басқарма қайтару себебін (уәжді бас тарту) көрсете отырып, өтінімді қайтаруға мүмкіндігі бар.

Ескерту. 88-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 28.09.2023 № 342 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

89. Басқарма өтінімді немесе өтпелі өтінімді тіркеген сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде ЭЦҚ-ны пайдалана отырып, тиісті хабарламаға қол қою жолымен оның қабылданғанын растайды не уәжді бас тарту шығарады. Бұл ретте, өтінімді (өтпелі өтінімді) растау туралы хабарлама не уәжді бас тарту электрондық құжат нысанында ауылшартауарынөндірушінің (ауылшаркооперативінің) СМАЖ-дағы Жеке кабинетіне жіберіледі.

Бұл ретте өтпелі өтінімнің қабылданғаны туралы хабарлама пестицидтерді, биоагенттерді (энтомофагтарды) өндірушінің Жеке кабинетінде қолжетімді болады.

Пестицидтерді, биоагенттерді (энтомофагтарды) өндіруші осы Қағидалардың 82-тармағының 4) тармақшасының талаптарын орындау үшін нақты өткізілген пестицидтер, биоагенттер (энтомофагтар) жөніндегі мәліметтерді тізілімге енгізеді.

Пестицидтерді, биоагенттерді (энтомофагтарды) өндіруші өтпелі өтінімге нақты өткізілген пестицидтер, биоагенттер (энтомофагтар) жөніндегі мәліметтерді осы Қағидалардың 82-тармағының 1) тармақшасында белгіленген мерзімде уақтылы енгізбеген жағдайда, өтпелі өтінім жойылады. Бұл ретте, ауылшартауарөндірушінің (ауылшаркооперативінің) Жеке кабинетінде өтпелі өтінімнің жойылғаны туралы хабарлама қолжетімді болады.

Ескерту. 89-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 04.06.2025 № 190 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

90. Басқарма Қаржыландыру жоспарына сәйкес СМАЖ-да екі жұмыс күні ішінде " Қазынашылық-Клиент" ақпараттық жүйесіне жүктелетін субсидиялар төлеуге төленетін шоттарды қалыптастырады:

осы Қағидалардың 89-тармағына сәйкес Басқарма өтінімді қабылдағанын растағаннан кейін;

пестицидтерді, биоагенттерді (энтомофагтарды) өндіруші осы Қағидалардың 82-тармағы 4) тармақшасының талаптарына сәйкес нақты өткізілген пестицидтер, биоагенттер (энтомофагтар) туралы мәліметтерді тізілімге енгізгеннен кейін СМАЖ-да қалыптастырады.

Бұл ретте, субсидиялардың аударылғаны туралы хабарлама электрондық құжат нысанында ауылшартауарынөндірушінің (ауылшаркооперативінің) Жеке кабинетіне жіберіледі.

3-бөлім. Шағымдану тәртібі

91. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша ЖАО-ның шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ЖАО басшысының атына, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беріледі.

Шағым ҚР ӘРПК-нің 91-бабына сәйкес келіп түскен жағдайда, ЖАО оны шағымды қайтаратын органға және (немесе) лауазымды адамға келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей жібереді. ЖАО шағымы қолайлы акт қабылданған, шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын әкімшілік іс-әрекет жасалған жағдайда, шағымды қарайтын органға (жоғары тұрған әкімшілік органға және (немесе) лауазымды адамға) жіберілмейді.

92. Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес ауылшартауарынөндірушінің (ауылшаркооперативінің), элиттұқымшардың, тұқымшардың, оригинатордың және өткізушінің шағымын:

ЖАО – тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде;
мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган – тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қарауы тиіс.

ЖАО-ның, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның шағымды қарау мерзімі Заңның 25-бабының 4-тармағына сәйкес:

- 1) шағым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру не жергілікті жерге барып тексеру жүргізу;
- 2) қосымша ақпарат алу қажет болған жағдайларда 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады.

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда, шағымды қарау мерзімі ұзартылған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымды қарау өкілеттігі берілген лауазымды адам жазбаша нысанда (шағымды қағаз жеткізгіште берген кезде) немесе электрондық нысанда (шағымды электрондық түрде берген кезде) шағым берген ауылшартауарынөндірушіге (ауылшаркооперативіне), элиталық шаруашылыққа, тұқымшарға, оригинаторға және өткізушіге ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімін ұзарту туралы хабарлайды.

93. Егер заңда өзгеше көзделмесе, ҚР ӘРПК 91-бабының 5-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі.

Өсімдік шаруашылығы өнімінің
шығымдылығы мен сапасын
арттыруды субсидиялау
қағидаларына
1-қосымша

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 27.01.2026 № 36 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі және 01.01.2025 бастап туындаған қатынастарға қолданылады) бұйрығымен.

1-нысан

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Ұсынылады: Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан www.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Әкімшілік нысанның атауы: Агроөнеркәсіптік кешеннің өндірілген жалпы өнімінің (тауарлардың немесе көрсетілген қызметтердің) көлемі туралы ақпарат

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: № 1-ӨШЖӨ

Кезеңділігі: жылдық

Есепті кезең: 20__ ж

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: субсидия алатын ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер (ауыл шаруашылығы кооперативтер)

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: жыл сайын, 20 қаңтардан бастап және тиісті жылдың соңына дейінгі мерзімде.

Жеке сәйкестендіру нөмірі/ Бизнес сәйкестендіру нөмірі																				
---	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

Жинау әдісі: электрондық түрде.

Облыс _____

Жылы _____

Әкімшілік-аумақтық объектілердің жіктеуішісі бойынша код

Облыс атауы	Ауылшарта уарөндірушінің (перативінің) ауылшаркоо бизнес-сәйкестендіру нөмірі /жеке сәйкестендіру нөмірі	Ауылшарта уарөндірушінің (перативінің) ауылшаркоо бизнес-сәйкестендіру нөмірі	Өндірілген өнімнің (тауарлардың немесе көрсетілген қызметтердің) атауы	Агроөнеркәсіптік кешеннің өткен жылғы өнімінің (тауарлардың немесе көрсетілетін қызметтерінің) көлемі заттай мәнде, тонна/бас/ дана	Агроөнеркәсіптік кешеннің өткен жылғы өнімінің (ніц) (жалпы өнімінің) тауардың немесе көрсетілетін қызметтің) бағасы, мың теңге *	Агроөнеркәсіптік кешеннің өткен жылғы өнімінің (жалпы өнімінің) тауарлардың немесе көрсетілген қызметтердің) көлемі, мың теңге (5*6) **	Ауытқу +/- = , мың теңге **
1	2	3	4	5	6	7	8

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық почтасының мекенжайы _____

Орындаушы _____

аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, телефоны

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам _____

аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, телефоны

Есептің тапсырылған күні 20 ____ жылғы " " _____

Ескертпе: * агроөнеркәсіптік кешен (бұдан әрі – АӨК) өнімінің (тауардың немесе көрсетілетін қызметтің) баға туралы деректер Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 30 наурыздағы № 107 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20209 болып

тіркелген) бекітілген Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларының 10-1-тармағына сәйкес субсидиялаудың мемлекеттік ақпараттық жүйесімен (бұдан әрі – СМАЖ) автоматты түрде толтырылады ;

**** СМАЖ-да автоматты түрде есептеледі.**

АӨК өндірілген жалпы өнімінің (тауарларының немесе көрсетілетін қызметтерінің) көлемі туралы ақпарат ұсынылған кезде АӨК субъектісі қызметтің барлық түрлері бойынша АӨК өндірілген өнімінің көлемін бір рет көрсетеді.

Ұсынылған деректердің дұрыстығын растаймын, дұрыс емес ақпарат және құжаттар бергенім үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілік туралы хабардармын және заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға, сондай-ақ дербес деректерді жинауға, өңдеуге келісім беремін.

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 9 шілдедегі № 173 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6459 болып тіркелген) бекітілген Респонденттердің бастапқы статистикалық деректерді ұсыну қағидаларына сәйкес Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросына ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімін жинау туралы алғашқы статистикалық деректерді беруге келісемін. Бұл талап экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің 01.1, 01.2, 01.3, 01.5 кодтары бойынша экономикалық қызметтің негізгі немесе қайталама түрлері бар заңды тұлғаларға және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелеріне, сондай-ақ экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің 01.1, 01.2, 01.3, 01.5 кодтары бойынша экономикалық қызметтің негізгі немесе қайталама түрлері бар шаруа немесе фермер қожалықтарын қоса алғанда, дара кәсіпкерлердің іріктемесіне түскен адамдарға қолданылады.

Ескертпе: Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған "Агроөнеркәсіптік кешеннің өндірілген жалпы өнімінің (тауарлардың немесе көрсетілген қызметтердің) көлемі туралы ақпарат" нысанын толтыру бойынша түсініктеме осы нысанға қосымшада келтірілген.

Әкімшілік деректерді өтеусіз
негізде жинауға арналған
"Агроөнеркәсіптік кешеннің
өндірілген жалпы өнімнің
(тауарлардың немесе
көрсетілетін қызметтердің)
көлемі туралы ақпарат"
1 нысанына
қосымша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған "Агроөнеркәсіптік кешеннің өндірілген жалпы өнімінің (тауарлардың немесе көрсетілген қызметтердің) көлемі туралы

ақпарат" нысанын толтыру бойынша түсіндірме (индексі: № 1- ӨШЖӨ нысан, кезеңділігі: жылдық)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған "Агроөнеркәсіптік кешеннің өндірілген жалпы өнімінің (тауарлардың немесе көрсетілген қызметтердің) көлемі туралы ақпарат" нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысанды ауыл шаруашылығы тауарын өндірушінің (ауыл шаруашылығы кооперативінің) мемлекеттік ақпараттық субсидиялау жүйесінде (бұдан әрі – СМАЖ) толтырады.

3. Нысанға басшы не оның міндетін атқарушы адам тегі мен аты-жөнін көрсете отырып, қол қояды.

4. Нысанды:

субсидия алатын ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер (ауыл шаруашылығы кооперативтер) ұсынады.

5. Нысан мемлекеттік және орыс тілдерінде толтырылады.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсініктеме

6. Нысанның 1-бағанында ұлттық Әкімшілік-аумақтық объектілердің жіктеуішіне сәйкес облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың атауы көрсетіледі.

7. Нысанның 2-бағанында субсидия алатын ауыл шаруашылығы тауарын өндірушінің (ауыл шаруашылығы кооперативінің) атауы көрсетіледі.

8. Нысанның 3-бағанында ауыл шаруашылығы тауарын өндірушінің (ауыл шаруашылығы кооперативінің) бизнес-сәйкестендіру нөмірі немесе жеке сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.

9. Нысанның 4-бағанында өндірілген өнімнің (тауарлардың немесе көрсетілген қызметтердің) атауы көрсетіледі.

10. Нысанның 5-бағанында агроөнеркәсіптік кешеннің өткен жылғы өндірілген өнімінің (тауарлардың немесе көрсетілетін қызметтердің) көлемі заттай мәнде, тоннамен/баспен/данамен көрсетіледі.

11. Нысанның 6-бағанында агроөнеркәсіптік кешен өнімінің (тауардың немесе көрсетілетін қызметтің) бағасы туралы деректер, мың теңгемен көрсетіледі, олар автоматты түрде СМАЖ-да толтырылады.

12. Нысанның 7-бағанында агроөнеркәсіптік кешеннің өткен жылғы жалпы өнімінің (тауарлардың немесе көрсетілетін қызметтердің) көлемі, мың теңгемен көрсетіледі, ол автоматты түрде СМАЖ-да есептеледі.

13. Нысанның 8-бағанында ауытқу, мың теңгемен көрсетіледі, ол СМАЖ-да автоматты түрде толтырылады.

2-нысан

Қарсы міндеттемелер тізілімі

№	Атауы	Облыс	Есепті жыл	Қарсы міндеттемелерді қабылдау күні	Өсімдік шаруашылығы өнімдері (иә / жоқ)	М а л шаруашылығы өнімдері (иә / жоқ)	Қайта өңдеу өнімдері (иә / жоқ)
1	2	3	4	5	6	7	8
					Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларына 1-1-қосымша		

Нысан

"Басым дақылдардың, оның ішінде көпжылдық екпелердің өндірісін субсидиялау" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

Ескерту. 1-1-қосымшамен толықтырылды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 20.06.2024 № 208 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 26.01.2026 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы: "Басым дақылдардың, оның ішінде көпжылдық екпелердің өндірісін субсидиялау"

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрлері:

1. Өңдеуге тапсырылған өнім үшін шығындарды ішінара өтеуге субсидиялар алуға.
2. Жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің отырғызу материалын өндіруге жұмсалған шығындарды ішінара өтеуге.

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші)
2	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің барлық кіші түрлері бойынша www.egov.kz "электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады. 3 (үш) жұмыс күні.
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	Өтінімнің резервте (күту парағында) болу кезеңі мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне енгізілмейді.

4	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің барлық кіші түрлері бойынша электронды (толық автоматтандырылған).
5	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі	Осы Тізбенің 9-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша субсидиялар аудару туралы хабарлама не мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсынудан уәжді бас тарту.
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің барлық кіші түрлері бойынша тегін.
7	Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпараттандыру объектілерінің жұмыс графигі	<p>1) көрсетілетін қызметті берушінің – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі-жұма аралығында сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін;</p> <p>2) порталдың – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өтінімдерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушы порталға электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған электрондық құжат нысанында мыналарды ұсынады:</p> <p>Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 30 наурыздағы № 107 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20209 болып тіркелген) бекітілген Өсімдік шаруашылығы өнімінің</p>

8

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтер тізбесі

шығымдылығы мен сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша (Қағидалардың 21-тармағына сәйкес негізделген) басым дақылдарды өндіру шығындарын ішінара өтеуге субсидиялар алуға арналған өтінім ;

Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің отырғызу материалын өндіруге арналған шығындарды ішінара өтеуге субсидиялар алуға өтінім. Көрсетілетін қызметті алушының СМАЖ-дағы "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған сұранымның қабылданғаны туралы тиісті мәртебе өтінімнің қабылданғанын растау болып табылады.

Заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) туралы, жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат туралы, дара кәсіпкерді тіркеу туралы не дара кәсіпкер ретінде қызметінің басталғаны туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкіметтің" шлюзі арқылы мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттарының және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігінің анықталуы;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) Қағидаларда айқындалған мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған деректер мен мәліметтердің сәйкес келмеуі.

Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы "жеке кабинеті" және бірыңғай байланыс орталығынан алуға мүмкіндігі бар.

9

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздер

Мемлекеттік қызметті көрсетудің, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметтің ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де талаптар

Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша анықтамалық қызметтің байланыс телефондары порталда көрсетілген. Бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777.

Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары:

- 1) мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарының www.gov.kz бірыңғай платформасында;
- 2) порталда;
- 3) тиісті көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында орналастырылған.

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, көрсетілетін қызметті берушілер Қағидалар бекітілген немесе өзгерген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы ақпаратты өзектендіреді және Бірыңғай байланыс орталығына жолдайды.

Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларына 1-2-қосымша

Нысан

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізінде жинауға арналған нысан

Ұсынылады: Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан www.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

Әкімшілік нысанның атауы: "Басым дақылдар өндірісін дамыту" бағыты бойынша субсидияларды пайдалану туралы ақпарат

Ескерту. Қағидалар 1-2-қосымшамен толықтырылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 26.01.2026 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: № 1-БДДС нысаны

Кезеңділігі: жылдық

Есепті кезең: 20__ жыл

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органдары

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: жыл сайын, тиісті жылдың 30 желтоқсанына дейінгі мерзімде
Жеке сәйкестендіру нөмірі / Бизнес-сәйкестендіру нөмірі

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

Жинау әдісі: электрондық түрде

Облыс _____

Жыл _____

Әкімшілік-аумақтық объектілердің жіктеуіші бойынша коды _____

P/c№	Өтінімнің нөмірі	Субсидияның алынған жылы	Өтінімнің берілген күні	Өтінімді қарау күні	Өтінім берушінің ЖСН/БСН	Өтінім берушінің атауы	Өтінім берушінің мекенжайы
1	2	3	4	5	6	7	8

кестенің жалғасы

ЖСН/БСН өңдеуші кәсіпорынның атауы	Өңдеуші кәсіпорынның атауы	Көрсетілетін қызметтің берушінің атауы	Өтінімнің мәртебесі	Тиесілі субсидиялардың сомасы, теңге	Дақылдың атауы	Өңдеуге өткізілген шикізат көлемі (тонна)	Жабық топырақта өндірілген көлемі (гектар)
9	10	11	12	13	14	15	16

кестенің жалғасы

Субсидияның нормативі	Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі	Ауыспалы егіс жылы	Электрондық шот-фактураның нөмірі мен күні	Шарттың нөмірі мен күні	Банктің БСК	Теріс шешім қабылданған күні
17	18	19	20	21	22	23

кестенің жалғасы

Теріс шешімнің себебі	Өтінім берушінің өтінімді қайтарып алу күні	Өтінім берушінің өтінімді қайтарып алу себебі	Субсидияның қайтарылған күні	Өтінімді төлеу күні	Бюджет түрі (жергілікті/ республикалық)
24	25	26	27	28	29

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефон _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, телефоны Басшы немесе оның міндетін атқарушы

адам _____

аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, телефоны

Есепті тапсыру күні 20 ____ жылғы " __ " _____

Ескертпе: субсидиялаудың мемлекеттік ақпараттық жүйесі автоматты түрде толтырады.

Әкімшілік деректерді өтеусіз
негізде жинауға арналған
"Басым дақылдардың өндірісін
дамыту" бағыты бойынша
субсидияларды пайдалану
туралы ақпарат" нысанына қосымша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған "Басым дақылдардың өндірісін дамыту" бағыты бойынша субсидияларды пайдалану туралы ақпарат" нысанын толтыру бойынша түсіндірме (индексі: № 1-БДДС нысаны, кезеңділігі: жылдық)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған "Басым дақылдардың өндірісін дамыту" бағыты бойынша субсидияларды пайдалану туралы ақпарат" нысанын (әрі қарай – Нысан) толтыруға қойылатын бірыңғай талаптарды айқындайды.

